



ОРАЛХАН

ҚАЗАҚ ӘНГІМELEPİ

БӨКЕЙ

Тоқадан
қалған тұяқ

Оралхан БӨКЕЙ

*Тоқадан қалған
пұяқ
әңгімелер*

Құрастырған Д.Әшімханұлы

Астана
“Таным” баспасы
2003

ББК 84 Қаз7-44
Б 78

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім министрлігінің бағдарламасы
бойынша шығарылып отыр

Бөкей О.

Б 78 Тоқадан қалған түяқ. –Астана: “Таным”,
2003.–80 б.

ISBN 9965-640-28-9

Жинаққа жазушының кезінде оқырмандар аса
жылы қабылдаған “Ауыл хикаялары” деген сери-
алды әңгімелерінің бірқатары еніп отыр.

Мұндағы іріктелген шағын әңгімелер де Орал-
хан Бөкеевтің үлкен талант иесі болғанын таны-
тады.

Б 4702250201
00(05)-03

ISBN 9965-640-28-9

© Таным, 2003

КӨК ТАЙЫНША

Мен бүгін ауылдан хат алдым. Тасқа басылғандай әп-әдемі тізілген жазу — бұл хатты қарындасым Мәнсия жазғаны айнытпай танытып тұр еді. Ел-жұрт, ауыл-аймақ, бота-тайлақтың амандығын айта келіп, үстіміздегі жылы аудан бойынша өсек-аяңның тым қораш болып, керісінше өлім-жітімнің көбейіп кеткенін, көрші ауылда оныншы класта оқитын қыз баланың күйеуге тиіп, оқу ісінің меңгерушісі орнынан алынып, ал мектеп директорының өскенін ғана сөз арасында айттып өтіпті. Ең соңғы жаңалық, депті үшбу хатының аяғында, біздің үйдің керіскедей көк тайыншасын Ұзақ тауының бауырында ұрлап, сойып әкеткен. Тек терісі, төрт сирағы, көзі алайған басы ғана қалған... Мал ашуы — жан ашуы деген ғой, әке-шешеміз қатты қапаланып, қайғырғаны болуға керек, үш күн сүт қатпай қара шай ішіпті. Амал не?.. Милицияға хабарлаған, әлі хабар жоқ. Көк тайыншаның орны бөлек еді-ау, қорамыздың бір бұрышы үңірейіп қалғандай болды. Енесі — көк сиыр да ұдайы үш күн мөңіреп жоқтаған екен. Есесіне ағайындар ойран-асыр, әлемдегі ең бір сүтті, қысы-жазы сауа беретін (тусын, тумасын) жылдым болар деп, үміт күтіп, болашағына сенім артып отырған “данышпан” тайыншаның айдың-күннің аманында қолды болуы, өрине, жандарын жай таптырған.

Ағымнан жарылсам, осы “суық хабарды” естіген соң, көңілім жүдеп, жұмысқа бармай қалдым. Екі құлағым шыңылдап, басым айналып, көзім қарауытқандай болған соң, дәрігерге барып едім: “Жүйкең жұқарған, бір нәрсені қатты уайымдағансыз, дем алу керек” деп шығарып салды.

Жазғы демалыста ауылға барғанымда, әлгі қолды болған көк тайыншаны алғаш рет көріп, қайран қалып едім. Қайран қалған себебім: соңғы жылдары біздің үйдің сиырлары әлде бұқадан, әлде ауа-райының күрт өзгеруінен, себебін кім білсін, әйтеуір, шыбыштанып, ұсақтап бара жатқан. Ірі қара тұқымының осыншалық азуы, әсіресе, шешемнің жанын жегідей жейтін. Орыстардан ақ бас қызыл сиыр сатып алайық деп, ертеден қара кешке дейін әкемнің құлағына маза бермеуші еді. Расында да, желіні жер сызып, маңмаң басып, не берсең соны жей беретін, маңызды оттайтын, маңқайып күйсейтін асыл тұқымды текті сиырлар бұл ауылдың асыл арманына айналған. Ал мен жазда көрген көк тайыншаның жөні бір басқа, керіскедей-ау, керіскедей. Қайдан ғана қаңғып туылғанын кім білсін, көрші-қоланның аузының суын құртатын әдемі еді-ай жарықтық. Иә, ал енді “жарықтық” келмеске аттаныпты. Кеше түсіме кірді: ақ бас, қызыл бұзауы бар, таудан асып барады екен деймін. Артына қарап мөңіреді де, көрінбей кетті... мөңгілікке...

* * *

Уақиға былай болған екен. Біздің шал әдеттегісіндей күн шықпай тұрады. Сауын сиырларын

өрістен айдап қайтуға Ұзақ тауына беттейді. Қолында жүген. Кеше кешке тұсап жіберген құла аты сиырлармен бірге жайылатын. Малын түгендейді. Көк тайыншадан өзгесі өрісте жүр екен. Құла аттың тұсауын шешіп, жайдақ мініп жер шолады. Жоқ. Бір кезде өзінің ата-бабасы жайлаған таудың ұңғыл-шұңғыл, бұта-қарағанын бес саусағындай білетін ол, көк тайыншаның қарасы кәрінбеген сайын, күдерін үзе бастады. Топтанып қайың өскен, сол қайыңның дәл түбінде көк тас жататын, сол көк тастың алқымынан қайнап бастау ағатын бала кезінде, сол жерді — “Апамның көк тасы” деп атапты. Үстіне тоқым төсеп, күні бойы жүн түгіп, иіріп отыратын шешесі елестейді. Енді құла аттың басын солай бұрған. Өз көзіне — өзі сенбеді. Көк тас көк тайыншаның қанына былғанған. Көзі алайып, күзгі ашық аспанға тесіле қарап кесілген бас, серейіп төрт сирақ жатыр. Ұры әккі, әрі саспайтын қу болса керек, бастаудың суын ластап, ішек-қарнына дейін аршып алған. Меншікті сиырым соғымға жыққандай-ақ, боршалап, әдемілеп сойғаны соншалық — тіпті терісіне дейін тұздап, керіп, жайып кетіпті. Шалдың жүрегі сыздап ауырды. Малым қолды болды деп емес, атаңа нәлет ұрының басынғанына, саспай мүшелеп, боқты ішегін қалдырмай, қырып-жонып әкетіп қалғанына, ит жыны ойнады. Бастаудың күзгі күні де жасанданып жататын маңайы опыр-топыр: тағалы аттың ізі түскен, соған қарағанда ұры — екеу секілді. Дегенмен, батырға да жан керек, бірі сасқалақтап жүріп, қамшысын қалдырып кетіпті. Басқа көзге ұрып, қуға тартар дерек жоқ.

Күн ұясынан көтеріліп, етекте жайрап жатқан ауыл қыбыр-қыбыр тіршілік қамына кіріскенде, жайдақ атты ұрының қамшысымен сипай қамшылап, үйіне қайтты. Бұл шақта күздің сан алуан бояуына малынған табиғат тамылжып-ақ тұр еді...

Милицияға хабарлады. Өз беттерінше әрекет жасаған жоқ.

Қыркүйекке шақырған милиция қызметкері караша біткенде келді. Бұған да шүкіршілік, келмей қойса қайтер еді.

Ауданнан күніне бір рет қатынайтын сары ала автобустан милиция формасын киген, қолтығында тері сөмкесі бар кіші лейтенант В.В. Окинков түсіп, біздің шалдың үйіне беттеді. Оның төбесі сонадайдан көрінгенде, көк тайыншаның өзі келе жатқандай қуаныштары қойнына сыймаған. Самаурынға шай қойды, қазанға ет асты. Астына көрпе, шынтағына жастық төседі. Тамақ ішіп, ар жағына ел қонғанша, В.В. Окинков ләм-мим деп еш нәрсе сұрамады. Жамбастай жатып, үйдің ішін шолды, көз қыдыртып жан-жағына қарады. Қолын тарақтап желкесіне салып, шалқасынан жатты. Көзі ілініп кетті білем, мұрны шұр ете қалып еді, сабағы бітіп, үйге екпіндей кірген Қанаттың дабыр-дұбыры оятып жіберді. “Ұйқтасаңшы, ұрыны іздеймін деп шаршадың ғой”, — деді шешем.

— Сонымен, — деді В.В. Окинков, есіней сөмкесін ашып, — сиырларыңыз қашан жоғалды?

— Осыдан бір жарым ай бұрын, — деді әкем оған жақтырмаған кейіпте насыбайын атып (Адам-

дардың іс-әрекеті ішіне сыймағанда, бір шақша насыбайды бір сағатта атып қоюшы еді).

— Неге ерте хабарламадыңыздар?

— Хабарлағанбыз.

— Да, да... қол тимейді. Ұры көп. Аты-жөні-
ңіз? — деді әкеме тіктен қарап.

— Раисов Исахан.

— Сіздің фамилияңыз, апа? Шешем әкеме:

— Әй шал, айтсаңшы, — деді.

— Ол да Раисова.

— Дұрыс-сс... с... Сиырларыңыздың жасы,
түсі, белгілері...

— Үш жасар, көк, құйрығы шуатылған ұзын,
мүйізі әдемі, келісті біткен керіскедей.

— Тұра тұрыңыз, — деді әкемнің сөзін бөліп, —
керіскедей деген белгі болмайды. Кім ұрлап сой-
ды деп ойлайсыз?

— Шырағым-ау, кімнің ұрлағанын білсем, сен-
дерден көмек дәметіп нем бар?

— Дұрыс-с...ссс... іздейміз, табамыз. Шеше,
тағы бір кесе шай құйып жіберіңізші. Автобус-
тан қалып қоймай тұрғанда қайтайын, асығыс-
пын, жұмыс көп, ұрылар одан да көп.

Қанат В.В. Окинковты иттен шығарып сал-
ды.

* * *

Жарықтық күз шолтаң қайрылып, қыс келді.
Биыл тіпті асығыс келді. В.В. Окинковтан ха-
бар-ошар жоқ.

Жаңа жыл есік қағып, қапалақ-қапалақ қар
жауды. В.В. Окинковтан сыбыс білінбеді. Тек,

февраль айын орталап, Алтайдың қақаған суығы мал мен жанды қысып тұрған шақта ғана аппақ дүниенің арасынан В.В. Окинковтың төбесі қараңдаған. Көк тайынша тарихын өздері баяғыда ұмытып, құрысыншы, от пен суға қарап отырған жоқпыз ғой, “ақсағын қойып сауын бағайық” деп, тәубаға келген бейбіт тіршіліктерін бұзғанына реніш білдірген.

Шай қойылды. Ет асылды. В.В. Окинков соғымның етін, әсіресе жылқының етін, жақсы жейді екен. Құрт қосқан сорпаны сарқа ішіп, қолын сүртіп болған соң, көзі ілініп, қалғи бастады. Осы Қанаттың жүрген жері оңбайды, әсіресе, қыста ойбайлап ашылатын қырау тұтқан есікті жұлқа тартып кіріп келмесі бар ма... В.В. Окинков сасқалақтай атып тұрып, тапаншасына жармасты. Шешем: “Ойбай, көтек!” — деп, бетін басып отыра қалды. Әкем шақшасын қаққылап: “Әй, кемпір, насыбай бітіп қалыпты ғой”, — деп, шыны сауытты домалата салды.

— Фамилияңыз, яғни аты-жөніңіз? — деді есінеген Окинков қағаз-қарындашын ыңғайлап.

— Райсов Исахан.

— Жасыңыз?

— Алпыс үштемін.

— Ұлтыңыз?

— Қазақпын! — Әкем бұл сөзді нығыздап айтты. Милиционер енді шешеме шұқшия қарады.

— Аты-жөніңіз, жасыңыз, ұлтыңыз?..

— Құдай-ау, өнеутүні айтып едім ғой.

— Тағы да қайталаңыз. — Шошып оянған соң ба, бас терісі келіспей, қатаң ұстады өзін.

— Райсова, жасы 65-те, — деп, кемпірінің орнына тағы да әкем жауап бере бастап еді, милиционер көнбеді.

— Өзі айтсын. — Шешем сасқалақтады.

— Құдай-ау, қайын атамның атын қалай атаймын... Әй, шал... Тайыншамыз керіскедей, аузымызды аққа жарытайын деп тұрған асыл тұқымды мал еді, — деп, шешем зарлай жөнеліп еді, оны В.В. Окинков тоқтатып тастады.

— “Керіскедей” деген белгі болмайды.

— Алғаш келгенінде ұмытып кетіппін, шырағым, ұрының орнында ұмытылып қамшысы қалыпты. Міне, — деп, сегіз өрім, тобылғы сап қамшыны Окинковтың алдына тастады. Ол қамшыны ары айналдырып, бері айналдырып қарап отырды да: — Бұл ауылда не көп — қамшы көп және бірі-бірінен айнымайды, — деп, әкеме қайтарып берді. Бұдан соң: “Іздейміз, табамыз”, — деді де, орнынан асығыс көтерілді. Оны Қанат иттен шығарып салды.

Қыс өтіп, жазғытұрымның қара қатқағы келді. Ойдағы қар жылбысқалана еріп, қалғаны тау бөктерінде күн санап көбіктене мүжіліп жатқан, түске дейін мүйіз, түстен кейін киіз деп аталар ала-құла шақ еді. Біздің үй бір қалыпта тіршілік кешіп, біреуден кейін, біреуден ілгері күн көрісімен, ертеңгі атар таң, татар дәмімен дәмелі күй кешіп жатқан-ды. Көк тайыншаны да, көк сөмкелі В.В. Окинковты да ұмытқалы қаша-а-н, “тәңірім, бермей-ақ қой, бірақ қолда барын ала көрме” дегендей, қалғанды қанағат көңілмен көктемді қарсы алған. Міне, осындай жазға са-

лымнын, уайым-қайғысыз бір тыныш күнінде, алдыңғы күні туған мұқыр мүйіз қызыл сиырының уызын жеп, жайбарақат сорпа, шай ішіп, оңашадан оңаша өздері ғана шүйіркелесіп отырған қоңыр кеште, ағаш үйдің есігі сыңсып ашылды. Ғажабы, есік көзіндегі аса сақ ала мойнақ, төрт көз ит те шәу деп үрмеген. Тегі, еті үйреніп қалса керек. Алғашында көршілердің бірі шығар деп, алаңсыз көңілмен ешқайсысы да елемей тамақтарын іше беріп еді. “Есенсіздер ме” деген дауыстан бастарын кекжең еткізіп оқыс көтерісті. Осы мезетте В.В. Окинков та дүрс-дүрс басып төрге оза берген. Сәлемін әкем ғана алды. Ал шешем болса “құдай-ай, тағы да Әкімқов қой” деп, қолындағы кесесін шайымен төңкере салып, шегініп кетті. :

— Ауданында не жаңалық? — деді әкем арада орнаған тыныштықты бұзайын деген ойменен.

— Аманшылық, ақсақал... Көк тайынша табылған жоқ па?..

— Соны сенен сұрайын деп едік. — Шешем бұл сөзді шаптыға айтты.

— Іздейміз, табамыз. Жұмыс басты болып көпке дейін келе алмадым. Көрші ауылдарыңыздағы бір семья соғымның етін ұрлатыпты. Соны іздеп әрең тауып бердік. Сөйтсем, өзі жоқта үйде қалған әйелі күнде асып жей берген соң, күйеуі шөптің астына тығып тастаған екен... әй, қазақтардан бәрі шығады...

— Ол оқиғаны мен де естігенмін, етті сен емес, иті тауып алған, — деді шешем қарап отырмай.

Ас ішіп, көңілі жайланған соң В.В. :

— Ал, басынан қайта бастайықшы өзі, — деп, қағаз-қарындашын суырды. — Аты-жөніңіз, көк тайыншаның жасы, түр, түсі...

Әкем жарықтық шыдамды адам еді ғой, Окинковты осы өзірде ғана көріп отырғандай, бастан-аяқ тәптіштеп шықты.

— Дұ-р-ы-ы-с-с, — деді милиционер енді шешеме бұрылып, — енді сізге келейік. Фамилияңыз...

Қызық басталды. Бағанадан бері өз тізесін өзі тоқпақтағандай, әрең отырған кемпір шорт кетті.

— Әй, Әкемков, — деді ызадан жарылардай болып. — Өз тайыншамызды өзіміз ұрлағандай бізді тергегенің не осы! Міне, жеті ай болды әлдеқашан сүйегіне қына бітіп кеткен ата-бабамыздың аруағын қозғап, пәмилиямды сұрай бересің ғой. Сен келген сайын, басымның сақинасы ұстайды. Көк тайынша да, сен де құры. Кет өзің, жынымды ұстатпай!

В.В. Окинков үндеместен орнынан тұрды да, есікке беттеді. Босағада тұрған қалпында сөмкесін ақтарып, әкем жазған өтініш қағазды алды.

— Арыздарың. Енді өзің жоғалсаң да, бұл үйге келмеспін, — деді шешеме.

— Әдірем қал. Мені құдайдан басқа ешкім ұрлай алмайды.

Сөйтіп, бұл үй милициясыз қалды. Осы күннің ертеңінде бастауыш класқа сабақ беретін әпкем — Аймен ұры ұмыт қалдырған қамшыны қолына ұстап шығады. Мектепке барған соң, әр класқа кіріп: “Көне, балалар, мына қамшыны танитындарың бар ма?” — деп, бас-басынан сұрайды.

Үшінші класқа кіргенде, мұрнын үнемі жеңімен сүртіп отыратын қара ұл: “Ой, мұғалима, бұл папамның қамшысы. Былтыр жазда ағам өріп берген”, – деп, орнынан ұшып түрегеледі. Иә, жеті ай милиционер іздеген ұры, жеті минутта табылады. Бірақ баяғыда ұмытылып, садақаға шалып қойған көк тайынша дауын дабыралаудың реті ешбір болмайтын еді. Мұрнын жеңімен сүрте беретін қара ұлдың папасы – бұл үйдің құдасы, сыйлас адам. Сондықтан да жабулы қазанды жабуымен қойған. Тек баласы айтып барған болу керек, “құдалар” жағы көпке дейін амандаспай жүрді.

Жаз шығып, ел-жұрт шөп науқанына кіріскен шақ. Әкем де тартпасын (шалғысын) шыңдап, көзі тірісінде әжеміз тігіп берген қара торсыққа сусынын құйып, пішен оруға шыққан. Жылдағыдай емес, биыл жаз берекелі болды, шөп қалың, жеміс-жидек көп. Күн ыстық. Мосыға шәугім іліп, шай қайнатып, дем алып отырған. Топ қайыңның түбінен бастау алар тұма тазарған, көк тайыншаның ұры сойған орнын шөп басқан. Дегенмен, баяғы бір көрініс: көзі алайған малдың басы мен төрт сирақ көз алдына елестеп, жамбастай жатқан шалдың ойы онға, санасы санға бөлінді. Мал ашуы емес еді оны мазалаған, шәй деспеген жұрағаттың басынғаны да... Осы кезде алаңсыз оттап тұрған құла аты құлағын тікті. Тоғай арасынан салт атты шығып, бері беттеген. Бұл: – көк тайыншаның обалына қалған “құдасы” еді. Ол аттан жайлап түсіп, асықпай амандасты. Малдас құрған қалпы, шөптің бір сабағын

аузына салып, тістелеп алысқа қарады. Жеңіл күрсінгендей болды.

— Құда, — деді сәл қарлыққан, сәл толқыған үнмен. — Сіз маған өкпелеп жүрсіз білем.

— Неге өкпелейін, — деді әкем насыбайын атып.

— Жоқ, жасырмаңыз, өкпелеп жүрсіз. Болар іс — болды. Көк тайыншаларыңызды мен ұрлаған едім, оны өзіңіз де сезгенсіз.

— Оны кім айтты саған?

— Екі дүниеде де ризамын сізге. Біле тұра тіс жарып ешкімге айтпадыңыз. Мені мойындатып, аяғыңызға жыққан — дәтіңіздің беріктігі. Басқа біреу болса ғой, қалмақ қайта шапқандай мұқым ауданға жар салар еді. Рақмет сізге, құдайдың күдіреті, бала жастан әдетім — бірдеме ұрлама-сам, тыныш ұйқтай алмаймын. Жоқ дегенде, өз қойымды өзім қорадан ұрлап шығып, тауға апарып сойып әкелетінімді қайтерсіз. Енді осымен бітті. Сіз үнсіздігіңізбен, шыдамдылығыңызбен жеңдіңіз мені. — Ол ұзақ сөйледі. Темекісін тартты. Әкеммен бірге шай ішті. Шөп шабысты.

— Құда, — деді кетерінде қойнына қол салып, — көк тайыншаның бодауын он сиыр берсем де қайтара алмаспын. Бала-шаға көп, бір үйде өзім ғана бас көтеретін, қайтара алмас та едім... Мынаны шөп шапқанда киерсіз, жеңсіз, алды ашық, жеңіл көйлек. — Бес сом отыз тиынның шыт көйлегін әкемнің алдына тастай берді.

— Рақмет, құда, бұл да болса — жөн білгенің. Ол атына мініп ұзап кетті де, қайта оралды.

— Байқамай қонышыма тыға салыппын. Кешіріңіз, әдет қой, — деп, керзі етігінің қонышы-

нан әкемнің қамшысын суырып алды. Атын оқыс тебініп, желе жөнелді.

— Қайтқан малға береке, — деді құдасының соңынан көз жазбай қарап, қамшысын ұстап тұрған әкем. — Ұрлап кетсе қайтер едім.

БЕС ТИЫН

Мен ол кісіні жыл сайын көремін. Өзгермеген. Баяғы, бала кезімде “хат бар ма, аға” деп, күн-күн сайын жылтындап барып тұратын кездегі қалпы десем, сәл жалғандау болар. Жылдар дегеніміз — киімге түскен қара күйе секілді ғой, адамның да жасын кеміктел, жанын білдірмей тоздыра бастайтыны рас-ты. Ауылымыздың жиырма бес жылдан бергі почта бастығы Зәкең де қартайыңқырап, бала-шағасын өсіру әуресімен қажыңқырап жүр екен. Табиғатынан салмақты, көпіртіп көп сөйлемейтін, ал анда-санда “ұрттап” алса, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтін; көп күлмейтін, зәуімен бір күлсе, ішек-сілесі қатып жас балаша мәз болатын; кім-кімдерге тас кескір сараң, кім-кімдерге жалғыз дөңді жарып берер жомарт; кеңсесінде отырған кезде, алдына келсе тістеп, артынан келсе тебетін кезеп; ғұмыр жалғанда қара бақырдан қате жібермейтін сауысқаннан сақ, үй шаруасының қиюын қашырып алар олақ — міне, солай да солай біздің Зәкең.

Осы кісінің кішкентай кезінен ғадет қылып, көлеңкедей еріп қалмай келе жатқан кәсібі дейміз

бе, жоқ болмаса сүйекке сінді әдеті дейміз бе — ермегі бар еді. Жұмыстан қолы қалт етіп босаса, құрығы мен қармағын қолтығына қысып өзен жағалап кететін де, әбден көз байланып, қараңғы түскенде, тал шыбыққа желбезегінен тізген балықтардың құйрығын жер сыздыра қараңдап келе жатар еді. Бала кезімізде Зәкеңнің соңынан талай ердік. Өйткені суға салған қармағы құр шықпайтын, балығы тайдай тулаған иірім, айлақтарды тек қана сол кісі білетін. Ердік дегенім жай әншейін сөз, расын айтсам, ол біздерді ертпейтін де, жақындасақ қуалап, немесе тал-теректің ара-арасымен қаша, ізін жасырып кететін. Зәкеңнің бұл қызғаншақтығы — балықшы, аңшы атаулының бәріне тән өзімшілдік екенін ол шақта білдік пе. Көп ретте тас лақтырып, балықты үркітіп ит-жынына тиюші едік-ау...

Бір күні Зәкең біздерге өмірбаянын айтып берді. Аяқ астынан жел соғып, арты сілбілеген жаңбырға айналып кеткен соң, кәрі қайыңның түбін паналап отырғанбыз. Зәкең әрең дегенде от жақты. Жапырақтардың ара-арасынан қуалап, сорғыған нөсер тамшылары қайта-қайта отты өшіріп тастай берген соң, үстіндегі қаудырлақ сулығын ошақтың үстіне керіп, шатыр жасады. Сол күні ағынан ақтарылған көл-көсір көңіл, қамқор пейілін айтсаңызшы... Біз, лапылдап жанған отты қаумалай отырған үш-төрт бала, Зәкеңнің жауынды күні оқыстан ашылған аялы алақанына әрі таңдандық, әрі аң-таң қалдық. Түстен бері ұстаған балықтарын қылдай етіп бөліп берді де: “Көне, әркім өзі пісіріп жесін”, — деді. Қарнын

жарып, істік ағашқа шанышқан балықты шоқтың қызуына қақтай бастадық.

— Жалын шалмасын, оттан әрірек ұстандар, — деп, анда-санда ақыл айтып қояды. Ал өзі пісті-ау деген балықты сыртқы күйік шалған қабығын сыдырмастан, құйрығынан ұстап басын қоса күтірлетіп шайнайды. — Ең тәтті жері — басы, — деп, күйелештенген аузын жеңімен сүртіп, қомпаң-қомпаң етеді.

Сырт көзге Зәкеңнің біздерден еш айырмашылығы жоқ; бойы да бірдей, аяқ-қолы да қысқа, томаршадай тым кішкене еді. Кейін есейгенде байқадым ғой. Өзінің осыншалық қораш болып жаралғанына қорынады екен...

— Мен, әке-шешемнен бесіктен белім шықпай жетім қалған адаммын, — деді Зәкең ағаштың көз жасы секілді тамшыға алақанын тосып. — Ағайын-туғанның есігін сағалап күн кешуге тура келді. Сондықтан да тойып тамақ жемедік, бүтін киім кимедік. Сондықтан да аузым аққа жарымай мешел күй кештім. Қарным ашқан соң, қара судың шабағын аулап, талшық ететінмін. Кейін ер жетіп, ел қатарлы өмір сүре бастағанымда, осы әдетті қоя алмай жүрдім. Жал-жая жеп отырсам да, кітірлеп піскен балықтың басын аңсайтын болдым... Қолым қалт етсе, өзенге жүгіретін ауруым бар, тіпті бала-шағамнан ұят...

Сібірлеп жауған жаңбыр, тамшы тиген сайын әнтек дірілдеп қалатын су-су жапырақ, өзеннің бір қалыпты арылы, анда-санда шоқ атқылап сырт-сырт жанған от — бар-барлығы біздерді ертекті дүниеге бастағандай еді. Әншейінде алы-



сып-жұлысып тыныш отырмайтын қазақтың қара домалақ ұлдары жым болған, өндерінде өзгеше жуастық, салмақты сабыр бар. Бұтаққа керілген сулықшапанның астында қаздың балапанындай үрпиісіп отырмыз. Оттан көтерілген түтін Зәкеңнің сырттығын ыстап-ақ жатыр, бірақ оған мән берген ешкім жоқ.

— Мен бір атадан жалғыз қалған жанмын. Сондықтан да ерте үйлендім. Әйелімнің шамасы қаншаға жетеді, сонша бала көргім келеді.

Зәкеңнің бұл әңгімесі біздерден гөрі ересектеу адамдарға айтылар сыры екенін сездік пе, аузымызды аңқайтып тыңдай бергеннен өзге не келеді қолымыздан. Бәлкім, әңгіменің түпкі төркінін түсінбесек те, ынта қоя тыңдағанымыз, айтушының мұңға толы қоңыр үнінің әдемі әуені шығар... Бәлкім, Зәкең әңгімесін айтар ересек адам таба алмаған соң, біздерге ақтарылғаны шығар... Тіпті ауылдағы үлкен кісілер Зәкеңді күні бүгінге дейін менсініп, жігіт ағасы қатарына қосқанын естіп, көргенім жоқ. Қайсыбірі де, “әй, бала” деп, арқасынан қағатын... “Қашан ер жетесің-ей” деп, кекете қарқ-қарқ күлетін... Алайда Зәкең ондай аспансыған ағайынды кісі қатарына балап, елеп-ескерген емес.

Жаздың ыстығы түскенде, ауылдың қара жолын шаңдатып, почта бөлімшесіне қарай саспай аяндап келе жататын тәпелтек кісіні көрсеңіз — Зәкең екенін айнытпай танысыз. Жалаң аяғына галош іліп, галифе шалбарының бауын салақтапта, асықпай аяндайтын. Дүние өртеніп бара жатса да, бірқалыпты — марғау да маңғаз жүрісін де,



асып-саспайтын мінезін де өзгерткен емес. Сол жүрісінен жаңылмаған қалпы почтаның үш бірдей құлыбын ашады, ең алдымен жұмыс столы мен сейфті тексеріп көреді, есеп шотын, қағазы мен қаламын ыңғайлайды, әбден орнығып алғанша, жаны шырқырап безілдеген ауылдың жалғыз хабаршы-телефонына қол апармайды. Әр түрлі квитанцияларды парақтап, мөрін үрлеп ақ қағазға басып, түсетін-түспейтінін байқап көріп, әлгі мөр басылған қағазды уақтап жыртып, көпке дейін күйбің тірлікпен отырар еді. Бұл кезде пенсия, баланың ақшасын, хат, газет-журнал алуға, не болмаса ауданға телефон соғуға келген ауылдың көрі-жастары қорған тақтайдың ар жағында жұдырықтай ғана болып, тәкаппар отырған Зәкеңді атарға оғы жоқ, өрең шыдар еді... Кейде шыдамайтын... Жер-жебірі, жекен суына жетіп ұрысатын, тақтайды ұрғылап қайдағы былапыт сөздерді қардай боратып балағаттайтын. Бірақ Зәкең ешқашан да қарсы шабуылға көшіп көрген емес. Жүйкесін жұқартып, намыстанбайтын да. Бейне бір нашар оқитын оқушының шатты-бұтты айтқан сабағын нәумез көңілмен мысқылдай тыңдаған мұғалімдей-ақ, “айтып болдың ба?” дегендей бетіне ұзақ қарайтын да, миығынан күлетін. Телефонды ій жағып қойғандай жиіркене көтеріп, соншалықты нығыз дауыспен “әл-л-лө-у!” дер еді. Ар жағынан саңқылдаған әлдекімнің айғайын үнсіз тындайтын, дабырлап сөйлеспейтін, бар болғаны “ұқтық, жарайды” деп, тұтқаны ершігіне тастай салатын. Ауылдастарының “міністір болатын-ақ адам” дейтіні де осындай қылығынан-



ау... қайдан білейік, ауылда арқандалып қалмай ұзап жайылса, министр болары рас та шығар.

Бұл дүниеде адам жанының қалтарысын түгел білемін дейтін көріпкел тумаған шығар. Әйтпесе бізді ағамыздың түске дейін мүйіз, түстен кейін киіз, аумалы-төкпелі мінезін қаншалықты ұққан, соған үйренген сайын, солғұрлым түсініксіз де жат қылықтардың шуатылған қыл арқаны ұшығынан ұстатпайтыны қалай? Айталық, Зәкең оқта-текте шахмат ойнай қалса, қарсыласын ылғи да қажап, ата-бабасының байқамай жіберіп алған осалдықтарын тізбелейді де отырады. Ол кісі ешқашан да жеңемін деп ойламайтын. Тіпті өзі күші басым жағдайда да қиыннан қиыстыра, тең ойынға келісетін. Немесе қарсыласының үстемдік ала бастағанын сезсе, “ничья жасайықшы” деп, жатып келіп жабысатын. “Біреуді біреудің жеңгенінен жек керетін нәрсем жоқ” дейтіні де сондықтан шығар.

Иә, біздің Зәкең өмірдегі тепе-теңдікті жақсы көреді.

Сынаптай толқып тұрар, біреу түсініп, біреу түсінбес мінез ұшпаққа шығармасын да біледі. Ширек ғасырдан бері үстінен түскен домалағы бар, домалақ емесі бар — арыздарды жинап-терсе, екі-үш томға жетіп қалары да рас. Дегенмен, Зәкеңнен қателік табар әулие әзірше жаратылмапты.

Ауылдағы атқамінерлер мен сауаты барлардың аса алмай жүрген тауы, ата алмай жүрген жауы, ала алмай жүрген жалғыз-ақ шебі бар. Ол — Зәкенді қалай почтаның бастықтығынан түсіру.



Әттең, осы қызыл көз пәледен құтылса, соңғы бес-алты жылда кенезесі кеуіп, безеріп тұратын аспаннан ағыл-тегіл жаңбыр жауатын секілді... Құрғақшылықтан құтылып, айран-асыр байлыққа кенелетін секілді. Қырсыққанда Зәкең күн өткен сайын мығым әрі сақ; ал Алтайдың аспаны болса, жарықтық суалып-ақ тұр. Ауданнан, сонау облыстан тексеру келген сайын, ауылда сыпсың-сыпсың өсек тарайды. “Дәл осы жолы сайтан болып кетсе де мұрттай ұшар” деген желікті үміттің жетегінде желдей есер еді. Амал не, ертеңінде де бір дорба кілтін сылдырлатып, почтаға қарай асықпай аяндап бара жатқан Зәкеңді тағы көріп, маңдайлары тасқа соғылар еді. Елуге келген жасына дейін тірі жанның ала жібін аттамаса да, көзге шыққан сүйелдей бүкіл ауыл адамдарының өлердей өштесетіні мүлдем түсініксіз. Бәлкім, адал болған соң, суқандары сүймес, әлде мінезінен бе екен...

Сентябрь айының аяқ шені еді. Күздің тамылжыған әдемі шағы, шаруаның етек-жеңі жинақталып, жұрттың ермек іздеп еріге бастаған бейбіт те берекелі күндерінің бірі. Біздің, Зәкең де қораға шөбін жеткізіп алған. “Елмен көрген ұлы той”, кеше кешке көршінің баласы үйленіп, қолдан ашытқан сырадан біраз сілтенкіреп алып еді, таңға жуық басы сынып, қатты ауырды. Ыдыс-аяқтарды сылдырлатып, сусын іздеді. Әйелі оянды. “Өк, қарасан!” – деді, көзін ашып-жұмып жатқан қалпы.

“Өгің не?” – деді Зәкең таңдана.

“Үйге сиыр кіріп кеткен екен десем, сен екенсің ғой”, – деді.

“Сиыр мендей емес үлкен ғой, тайынша шығармын”, — деді. Түк те ашуланған жоқ. Ашылыңқырап қалған балаларының үстіне көрпені қымтай жапты да, орнына қайта жатты. Бірақ көпке дейін ұйқтай алмады. “Әттең, балыққа барар ма еді” деп ойлады. Осы кезде есік дүрсілдеп қоя берді. Жау шапқандай ұрғылады. Атып тұрып есік ашып еді, ар жағында үш-төрт кісі тұр. Мұның танығаны — аудандық байланыс торабының бастығы ғана, қалғандарын шырамыта алмады.

— Не керек сендерге? — деді есінеп. Түйеден түскендей сөзге қасындағы бөтен адамдар болмаса, өз бастығы шам шақырмайтын. Зәкеңнің мінезіне әбден тойған.

— Киін! Почтаны тексереміз, — деді асықтырып.

— Жұмыс уақыты басталуға әлі үш сағат бар.

— Жігітім, кергімей тез киін де, бізге ер, — деді бөтен кісі.

— Сен кімсің-ей?!

— Кім екенімді почтаға барған соң білесің...

— Бұл кісі — облыстық, байланыс басқармасынан, — деді өз бастығы бір қызарып, бір саза-рып. Тегі, Зәкең үшін өзі ұялып тұрғандай.

— Жарайды, ендеше, почтада танысайық, — деді де, асықпай киініп, кілттерін сылдырлатып сыртқа шықты.

Зәкенді ұзақ әрі мұқият тексерді. Көлденең көзге білінбегенімен, почта бөлімшесінің ұсақ-түйек шаруасынан көп зат жоқ: Пенсия, баланың ақшасы, жан-жаққа жолдаған, жан-жақтан

келген ақша, дүкеннің барлық табысы да осы почтаға өткерілетін. Есебін табамын десе, алақандай почтадан-ақ екі асауға болатын еді. Ана бір жылы көрші ауылдағы байланысшы, өлген кемпірдің пенсиясын жарты жыл бойына өзі пайдаланып жүріпті... құдай сақтасын...

Сонымен не керек, түске дейін созылған тексерудің қорытындысында Зәкеңнің есебіндегі мындаған сом жұмыстан не бары бес тиын жетпей қалды.

— Міне, тазалық, әділдік деп осыны айт! — Аудандағы бастығы алақанын шапалақтап қуанды. Әйел адам еді, Зәкеңнің сауысқан шоқығандай шұрық-шұрық бетінен сүйіп алды. Облыстан келгендер де алғашқы әзірейіл қалпын өзгерткен. Күліп: “Молодец!” — деп, арқасынан қақты.

Ал Зәкең болса қабағынан қар жауып, екі шекесін қос қолдап қысқан күйі: өң жоқ, түс жоқ сұлық отыр. Қуанбады.

— Атаңа нәлет-ай, қай жерден жібердім қателікті?!

— Қандай қателік? — деп бастығы таңдана сұрады.

— Бес тиынды айтамын...

— Да ну, — деді облыстық тексеруші қолын сермеп. — Бес тиын — бес жүз сом емес қой, тіпті бес-он сом болса бірсәрі. Құны жоқ нәрсеге қайғыра ма екен кісі. Так держать!

— Мен үшін құнсыз еш нәрсе жоқ. Жиырма бес жылдан бері тұңғыш рет бес тиын қате жібердім. Ертең ауылдастарымның, бала-шағамның бетіне қалай қараймын... Пәленің барлығы

осы бес тиыннан басталмай ма... Атаңа нәлет-ай, қайда жібердім, неғып қара басты мені...

Сұңқылдап, түрмеге қамалатындай зар еңіреп отырып алды.

Зәкеңнің бұл қылығын әдейіге жорыған тексерушілер, иықтарын қиқандата есікке беттей берген кезде, Зәкең саңқ етіп, атып тұрғаны.

— Таптым!

— Нені?

— Бес тиынды! — Жүгіріп есік алдына шықты да, қолына балта ұстап тез қайта оралды. Тексерушілер сескенісе жылыстап, үдірейе қарап тұр. Оның не істегелі жүргенінен хабарлары жоқ. Зәкең жұмыс столы тұрған тұстың тастайын балтаның жүзін салып қопарып қалды да, саңылаудан қол жүгіртті. Содан соң ептеп тоттана бастаған бес тиын бақыр ақшаны тауып алды. Саусағына шымшып ұстаған күйі облыстан келген тексерушіге ұсына берді.

— Осыдан екі ай бұрын тақтайдың жарығынан түсіп, кетіп еді... Ерініп алмап едім, жатыр екен жарықтық...

Ыржиып күледі...

— Бұған дауа жоқ екен, — деді облыстан келген кісі басын шайқап. — Асылы, бізді бұл тексергені дұрыс болар еді...

Мұрнынан өзіне ғана таныс әуенді ыңылдап, асықпай аяндап үйіне қайтты. “Болмады, — деді есік-терезеден сығалаған ауылдастары, — араға ай салып барып, арызды қайта жазу керек”.

Өйтпесек, қазақ боламыз ба?..

Кейін бір сұрағанымда, Зәкең айтты: “Маған қателесуге болмайды, өйткені он бір балам бар”.

АПАМНЫҢ АСТАУЫ

Ол кезде мен бала едім, Апам жастау еді. Әкешешеміз қиыр жайлап, шет қонып мал соңында жүретін де, айында-жылында ғана болмаса, бет-жүзін үнемі көре бермейтінбіз. Соғыстан кейінгі жылдарда есін жиып, езілген еңсесі көтеріле бастаған елдің берекелі де бейбіт тірлігі жар жағасында отырған жалғыз үй – әрине, бізге де ортақ. Қос бөлмелі шатырланбаған тоқал ағаш тамның маңайы қысы-жазы жыбырлаған, айғайлап-шулаған балалардың базарына айналатын. Біздің үйден тас лақтырым жерден арқырап ағып жатар ағыны қатты Бұқтырма – жаз шыға суға шомылған, қыста сырғанақ тепкен баланың жеркөкті шарқ ұрып шарласа таба алмас қызыққа толы мекені еді. Тоң боп қатқан пимасын, сүңгілесе су болған көйлек-дамбалын біздің үйге келіп кептіретін. Сонда Апам менің ғана емес, мұқым ауыл балаларының абзал анасы сықылданатын.

Он бес жасыма дейін Апамның қойнына жаттым; он бес жасыма дейін әкенің, шешенің кім екенін білмей, сол айналайын Апамның тәрбиесінде өстім; он бес жасыма дейін Апамның етегіне жабысып, соңынан қалмай бүлкектел құлындай еріп ер жеттім. Сол кісімен жүрсем, мал сойған үйдің құлағы, тәттісі мен дәмдісі менің аузыма тиетін. Мен ол кезде Апамның өмір тарихын,

тіпті кім екенін білмей, алаңсыз шуақты күндерге марқайып маңар едім. Бүгінде көз алдымда: арық ашаң кемпір, тарамысты мықты сау-сақтар, — ерні мен иегін күйік шалып тыртықтанған әдемі ажар, кимешегінен дудырап шығыңқырап жүретін ақ шалмаған қара бұйра шаш қана... менің көз алдымда: қандауырын қайрап, басының қаны тасыған еркек-ұрғашының кеудесіне мініп, арам қанын ағызып тұрған; немесе тері илеп, көн тігіп отырған; жүн түгіп, арқан ескен, жіп иіріп, алаша тоқып, оюлап сырмақ тігіп отырған Апам; ... ертеректе қазақ әйелі не істеу керек болса, түгел қолынан келетін Апам; қазақ әйелінің ғана емес, ер-азамат атқарар істі қара нардай қасқая көтерер Апам.

Жаз шыға, бәріміз (әпкелерімді айтамын) Апам есіп берген жіпті алып, тоғайға отынға аттанынбыз. Бір-бір арқа отын көтеріп ең алда Апам, содан кейін құндыздай шулаған біздер, күліп-ойнап келе жатар едік. Ол шақта қыстық шөпті де ала жаздай арқалап тасып, қораны маяға толтырып қоятынбыз. Қысқы соғым мен ұн ғана әке-шешеміздің мойнында. Огород, шұрқыраған қаз-тауық, екі сиыр мен ұсақ малымыз бар, ол кісілерге зиянымызды көп тигізбейтін едік. Шынымды айтсам, бізді, тіпті бізді ғана емес, ертеректе әкемізді, оның іні-қарындастарын асыраған Апамның теректен ойып жасаған келісі мен ескі астауы еді. Осы келі мен астау тіпті әкемнен де үлкен, Апам Алтайдың арғы беті — төркінінен ала келген аса қымбат заттары болатын. Апамның біздің атамыз Дос марқұмға ұзатылуы да

қызық. Кейде, әсіресе, қазіргідей қараша туа, темір пешке отты маздатып жағып тастап, пештің жыртығынан саулаған жарық түсіп, ала көлеңкеленген қоңыр үйде отырып Апамның әңгімесін тыңдайтынбыз. Тегінде, ол кісі әңгімеге сараң — көп сөйлемейтін, тек өз ісімен ғана жүретін, қақсоғы жоқ, инабатты жуас адам еді. Дүниеде өсек-аяң, құлық-сұмдықты білмейтін, не болмаса тірі пенденің бетіне “әй, сен сондайсың” деп қарамаған, немесе тірі пендеге тілі тимеген, жарықтық ораза-намазы бұзылмаған, таза да тәкаппар әйел еді. Бала кезімізде байыбына барып бағамдадық па, бізді қойып бүкіл ауыл-аймақ, тіпті қазақ елі ең соңғы қасиетті әйел, тұрмыстық-салттық өмірдің этикалық, этнографиялық, тіпті археологиялық, байлығынан айрылғанын білді ме? Қазір ойлаймын, егер қазақтың әйелдері атқарар бүкіл ісмерліктің қолөнер институтын, немесе фабрикасын ашып, менің анамды бастық сайласа, тұтас бір он саусағы өнер ұрпақ дайындап шығарар еді. Иә, ол кісі тірі кезінде ешкім елеп-ескермеген, алтын қолды құдіретті әйел еді. Қазақта осыншалық, мықты, осыншалық ақылды ұлы әйелдер болғаны қандай жақсы. Бірақ біздер, жиырмасыншы ғасырдың азаматтары, көп ретте осындай — асылымызды байқамай айналып өтер едік. Айрылып қалған соң ғана айы өтіп, сан соға өкінер едік. Өзгені қойып, мықтымысып жүрген мына менің өзім сол Апамнан тірі кезінде неге ғана бәр-бәрін: киіз басып, үй тігуді, арқан есуді, тері илеп, өндеп киім тігуді, алаша тоқып, өрнектеп сырмақ тігуді, саба, сүй-



ретпе, торсық істеуді тәптіштеп жазып алмадым. Енді, міне... қолымызды мезгілінен кеш сермеп отырғанымыз. Енді, міне, бұзауы өлген сиырдай тұлыпқа мөңіреп, жыртық астаудан Апамның алақанын, Апамның қауыздаған талқан-тарысын іздеп тамсанып отырғанымыз. Білем, жер-көкті шарлаған Қорқыт та ажалдан қашып құтыла алмаған; білем, мың жасаған Лукпан Хакім де өлмеудің, өлтірмеудің амалын таба алмаған; адамзат — өлу үшін туарын... бәр-бәрін білем. Құдай-ау, мәңгілік тіршіліктің жоғын сезе тұрып, Апам сынды адамдарды жер басып жүрген кезінде неге ардақтамадық, неге бағаламадық. Хан көтеріп, пір тұтудың орнына, шікірейіп жүріп, өлтіріп алдық; егер олар ортамызда жүрген шағында ардақтап, әр сөз, әр ісін жоқ дегенде үйреніп үлгерсек — өлмегені ғой, өлтірмегеніміз ғой, ал біз тірі кезінде-ақ өлтіріп аламыз... Қазір Апам жоқ! Қара жер қойнына алған. Былтыр мен кигізген атлас көйлекті ала кеткен жоқ, арулаған адамдар киіп жүр. Сексен жыл жолдас болған жыртық астау да қаңсып қалды, әне... қаңсып итаяқ болып қалды, әне... Апам ала кеткен жоқ.

Иә, сонымен қараша туа от маздатып, қарағайдың шәйірін жалмаң-жалмаң шайнап, екі бүйірі, жон арқасы нарттай қызарып кеткен темір пешке шырт-шырт түкіріп, шыжылдатып отырған тамам баланың ортасында қарқарадай қасқайып отырар Апам менің қап-қара болып тілім-тілімі шыға жарылған аяғыма қаймақ жағатын. Қаймақ тиіп удай ашығанда, шыбын жаным шырқыраушы еді. Қаздың балапанындай алқақотан

жайғасқан немерелерін айналып-толғанған әжемнің тек қарашада, қылаулап алғашқы қар жауғанда ғана айтар әңгімесі ағыл-тегіл. Оның ақылы жүздеген ұстаз, мың сан мектептен артық, тәрбие деген ұғымның асқаралы таптырмас үлгісі екенін қайдан білейік. Дүние жүзінде Апамның қойнынан аңқып шығар әжелік иістен жағымды не бар екен жалғанда. Бұл жалғанда картопты тіліп-тіліп жіберіп, қызара бөрткен темір пешке қарып жегеннен дәмді не бар-ау. Бұл жалғанда қас қарая малды жайғап келіп, Апамның айналасында тырайып жатып әңгімесін тыңдағаннан қымбат сәттер табыла ма, қайта айналып келер ме?

Апам – Алтайдың арғы бетіндегі Керей елінің қызы. Әкесі аса бай болған, текті тұқымның тұяғы. Апам еркелеп өскен жалғыз қызы, он беске толған соң; іргелес байдың ұлына жасауын беріп сыңсыта ұзатқан екен. Өз заманының аса көрікті қызы, әрі он саусағы өнер Апам босаға көрген бірер жылында-ақ, маңғаз, инабатты, пысық, келін атанады. Содан, бір күні екі кештің арасында, басқа ауылдан сый қонақтар келіп, тай сойып, тай қазан ет асып жатқан шақта, жер ошақтағы отты үрлей берем дегенде, Апамның шылауышына шала тиіп, лап етіп жанады. Тыртыстыра тар киген, екі жақтауы зерленген кимешек-шылауыш шешілмей, бет-аузы түгел күйіп қалған екен. Күйеуі де ізгілікті жақсы жігіт болған. Алты ай емдетіп, шыбын жанын аман алып қалыпты. Келіншегім жарымжан болып қалды деп кезептенбей, тату-тәтті өмір сүріпті. Алайда,

бір жылдан соң өзі дүниеден қайтып, жесір қалған Апам төркініне оралған. Осы шақта Алтайдың теріскей бетіндегі Әбдікерім болыстың биі атанған жақ жоқ шешен жігіт, біздің атамыз Досғың қатыны өліп, қыз таңдап бұлаңдап, қыр қыдырып, жер сыдырып жүрген. Әрі сері, әрі атақты, салт басты, сабау қамшылы жігітке тиеміз деп, бүкіл Қаратай елі қыздары қырылып қала жаздапты. Бірақ біздің атамыз бірде-біреуін менсінбеген. Сол менсінбеген қалпы, “Ауылдағының аузы сасық” дегендейін, Алтайдан асып арғы беттегі Керейден жар таңдайды. Күйеуі өліп, бет аузын күйік шалған Апамды көріп, атының артына мінгестіріп бір-ақ түнде алып қашып кеткен. “Дос келіншек әкеле жатыр, қырмызыдай құлпырған бізді көзіне ілмеп еді, Керейден алған қызы ай мен күндей сұлу шығар, көрелік” деп, алдынан шықса, ерні салпиған тыртық біреу екен, тамам қыз бетін шымшып күліпті. Сонда атамыз айтыпты:

“Ей, Қаратайдың қатын-қыздары, немене жетісіп күлесіндер, менің келіншегім “Еліңнің қыздары мынау ма” деп сендерге ернін шығарып отыр” – деп, сөз тауып кеткен екен марқұм.

Темір пеште маздай жанған отқа талтая қыздырынып, ала көлеңке ағаш үйде Апамның тізесіне басымызды қойып, мұрнымыз пысылдап ұйқтап қалушы едік. Қашан өзіміз оянғанша, тырп етпей ұйқымызды күзетіп отыра берер еді жарықтық.

Апамның қайсыбір мықтылығын айтып тауысайын. Дегенмен, бір-екеуін сіздерге әңгімелеп бермекпін.

Әкем Ынтымақ колхозының сиыр фермасында бастық болатын. Ауылдан он шақырым Қаражер деп аталатын фермада тұрады. Шешем сиыр сауады. Бұл — қыс мекендері, ал жаз шыға жайлауға көшіп кететін. Жаздың жайма-шуақ бір күнінде үйге сиыршы шал Жүніс келеді. Тауға көшкенде, аяғы құрттап, жүре алмай қалған қара бас қойды қозысымен жұртқа қалдырып кетіпті, бір лажын тауып соны жеткізіп алсын, содан соң Қаражерге егілген картошканың арам шөбін жұлып, суарып, қопсытып түптесін деген хабар айтыпты. Таңертең Апам екеуміз жаяу жолға шықтық. Күн ала бұлтты болғанмен, қапырық ыстық еді. Біз Қаражердегі шілікке салған картошка алқабына жеткенде, күн түске айналған. Бағанағы шайдай ашық аспанды қара құрым бұлт торлап, әп-сәтте күннің көзі көрінбей қалды. Мен шөбін отап, Апам түптеп, лезде бітіріп тастадық. Біздің осы жұмысты аяқтауымызды күтіп тұрғандай, әлгінде ғана тас төбеге ілінген қара бұлттан бауырсақтай-бауырсақтай бұршақ төпелей жөнелді. Апам ұстарамен күні кеше ғана жалтыратып алып тастаған тақыр басымды ұрғылағанда, тұлаққа тиген сабаудай тарсылдақ үн шығады. Апам желеткесін шешіп басыма жапты. Ала жаздай сиыр фермасының күзетіне қалатын Қашыбай деген шал отыратын қыстаққа қарай безектеп келеміз. Жалғыз үйлі шалдың өмір тарихы жеке бір кітаптың жүгі. Жарты ғасыр тоғыз жолдың торабында жылжымай мекен етіп келе жатқан ақсақалдың бар ермегі ары өткен, бері өткен жүргін-

шінің пикет жайы болу, үйіне түнетіп, жол нұсқау болатын. Апам екеуміз осы үйдің табалдырығынан аттай бергенде, әзірде ғана төбеден төпелеп тұрған бұршақ сап болды да, шығысқа қарай қара құрым көшіп бара жатқан.

Қашыбай төр алдында дамбалшан, ерігінкіреп, бәйбішесі Мәмәтәйді тұрткілеп ойнап отыр екен. Біз кіргенде, кәдімгідей қутындап, қуанып қалды. Зерігеді білем, жетпіске жақындап қалса да дені сау, қапшағай шапшан, саңқылдап сөйлейтін қағылез адам екен.

— Кеспіріңнен айналдым, кеспіріңнен, — деді Апама. — Судан шыққан су тышқан секілдісің ғой, төрлет, төрлет. — Сақалы тұштаңдап, өзі төмен ысырыла берді.

— Мені қойшы, сен екеуміз тоқпақтаса да өлеміз бе? Балам тоңып кетті, — деді Апам менің басыма жапқан желеткесінің суын сығып.

— Ұлыңды мен ақ киізге орап тастайын. Шешесінің құрсағында жатқандай рақаттанып бусансын, — деп, Қашыбай отырған орнынан қарғып тұрып ірге тұста керіскедей жиналып тұрған жүктен аппақ киізді суырып алды: — Кел, балам, орап тастайын, шеш үстіндегі қомшанды.

Мені тыр жалаңаш шешіндіріп, киізге тұмшалап бөлеп тастады. Әрі-бері мұрныма қой жүнінің шуашы келіп маужырап, көзім бақырайып жаттым да, бойым жылынған соң, ұйқтап кетіппін.

Оянғанымда, апамдар шай ішіп отыр екен.

Қашыбай бізге ат-арбасын бермеді. Тақыс шал тоғайда жиып қойған отыным бар еді, соған асы-



ғып барам деген соң, Апам шындап ренжіді білем, кішкентай қозыны маған көтертті де, өзі тобан аяқ болып баса алмай жатқан зіңгіттей саулықты арқасына бір-ақ салды. Алдыңғы екі сирағынан ұстап жас балаша арқалап алды да: “Кеттік, ұлым”, — деді маған. Мен ол кісінің артынан қозымды құшақтап бүлкек-бүлкек еріп келемін. Он шақырым қашықтықтағы ауылға апам бес-алты-ақ рет дем алып жетіп-ақ келді. Сонда менің көз алдымда қалғаны: Апамның көкжайсаң шалғынды қақ жарып, менің алдымда батар күнді бетке алып қасқая тартып бара жатқаны; қасқая тартып бара жатып, арқасындағы саулықты былқ еткізіп тастай беріп, тоғай ішіндегі Қарасуға барып дәрет алғаны, содан соң батар күнге бет беріп намаз оқығаны, намаз оқып көкшалғынға бір жығылып, бір тұрып, қып-қызыл күн нұрымен шағылысқан қайран Апам осы қалпында қара жерге — туған жерге табынғандай еді; енесіне тартқан қара бас қозыны құшақтап отырып мен, апамның дүние жүзіндегі ең күшті адам екеніне күмәнім қалмаған.

Біз үйге жеткенде (жолда ешкілерді айдай келдік), екі сиырды бұзауы еміп тұр екен, ал ағаш үйдің есігі шалқасынан ашық, маса буып толып алған, әпкелерім тұлыпқа оранып ұйқтап жатыр. Апам оларға ұрысқан да, тіпті ұйқысын бұзып оятқан да жоқ. Бүкіл шаруаны өзі тындырып, тек кешкі асқа ғана шықырды.

Апам менің...

Жаз өтіп, қылышын сүйретіп қыс келді. Орман-тоғай, тау-тас аппақ. Алтай өңірінің әрі жүдеу,

әрі көңілді шағы туды. Апам етегін дөңгеленте белін қынап тігіп берген, қарағайдың қабығына бояған қызыл тонымды, тері қолғабымды, елтірі тұмағымды, табандатқан ақ пимамды киіп, қол шанамды (оны да қайыңнан иіп шабақ салып, апам істеп берген) сүйреп ойнауға шығамын. Сонда Шәгіштайдың өзім секілді бар баласы маған қызыға да қызғана қарайтынын сезетінмін. Жағымсып менімен дос болуға, менімен ойнауға күштар екендерін біліп танауымды шүйіремін.

Кеше әкем келіп кеткен. Астында биік, таудай ақ боз аты бар.

— Жеңеше, — деді Апама (неге жеңеше дейтінін білмейтінмін, өйткені шешем де солай атайтын) — ертең таңертең сиыршы шал Жүністі жіберем, соғымды сойып береді.

Осыдан бір апта бұрын сол Жүніс шал ту сиыр жетелеп келіп, қыстай осыны жеп шығасындар деп еді, енді сол сиырды сойып, мүшелеп бермек.

Жүніс келеді деген күні Апам су жылытып, пышағын, сиырды жығатын арқанды даярлап көптосты. Келмеді. Шыдамы әбден таусылған соң:

— Жүр, ұлым, өзіміз-ақ сойып аламыз, — деп, қоңыр сиырды бас жібінен жетелеп қорадан шығарды. Бұдан соң тұмсығына шалып, мүйізінен дінгекке тас қылып байлады; қыл арқанмен сиырдың аяғын іліп-іліп алды да, дінгекке бір рет орап, бар күшімен тартып қалғанда, еңгезердей қоңыр сиыр гүрс етіп құлап түседі. Апам дінгектен шандып алған арқанды сусыта тартып тұяғын

серпуге келтірмей буып-ақ тастағаны. Сиыр шоршып болмаған соң, құймышағынан жабысып едім, сонандай жерге ыршыта лақтырып жіберді.

— Жолама, мертіктіреді! — деді апам. Ал өзі соншалықты көз ілеспес шапшаң қимылмен сиырдың төрт аяғын қазықбаулап байлап жүр. Содан кейін тұмсықтан оралған жіпті соза тартып, сиырдың тамағын керіп тастады да, жез мойын мүйіз сап пышақты маған ұстатты. Шошып кеттім.

— Қорықпа, ұлым, — деді Апам. — Әйел адам мал бауыздамайды. Сен — азаматсың! Көне, мықтап ұста.

Қолым дір-дір етеді. Апам менің кіп-кішкене жұдырығымның сыртынан өзі қарулы тарамыстанған саусақтарымен қапсыра ұстады да, бұлқынуға дәрмені келмей теңкиіп пысылдаған сиырдың тамағынан орып-орып жіберді. Қып-қызыл қан атқылады-ай.

— Енді былай тұр, бір жеріңе қан тиеді, — деді де, мүйіз сап пышақты жалаңдатып қоңыр сиырдың бытшытын шығарды. Әп-сәтте терісін сыпырып, бұзып мүшеледі; тұздап, салмаға жайып тастап, астына түгін салды. Мен өкпе-бауырдан қуырдақ қуырып әлекпін. Содан бар шаруаны бітіріп, сиырдың терісіне тұз сеуіп жайып, қар бетіне тамған қан-жынды тазалап, шайға отырғанда, сабақтан жүгіріп әпкелерім, фермадан тепендеп Жүніс шал келді. Соғым сойып беруге әкем жіберген сиыршы буы бұрқыраған ыстық қуырдаққа кекіре тойып алды да, аманында ауылына қайтты.

Апам менің...

Үлкен әпкем Шолпан қоңыр сиырды соғымға сойған жылы қыста күйеуге қашып кетті. Қашып кеткенде де басқаға емес, жуықта әскерден оралып, ауылда шофер болып жүрген баяғы бекетші шал Қашыбайдың көп ұлының бірі – бадыран көз, төртпақ Әутәліп алып қашып кетіпті. Әкем мен шешем алғашында оң жақтағы тұла бойы тұңғыш қызынан айрылып қалғанына намыстанып қатты ашуланғанмен, артынан “кетер қыз кетті” деп, жасау-жабдығына кіріскен. Әрине, жасау дегенде: сырмақ, алаша, көрпе-жастық секілді үй жиһазының ол-пұлы ол кезде тек қана қолдан тоқылып, тігілетіні белгілі. Апам Шолпанның мұқым тең-тең жасауын бір айдың ішінде дайын етті де, шанаға тиеп, маған аттың делбесін ұстатып, құдаларға аттанды. Шырмауық салып балмен ашытқан сары сыраға қызара бөртіп алған құдамыз Қашыбай шал ат байлары мықты, тәуір жердің қызын келін қылып түсіргеніне қатты риза болды. Өткен жылы жазда ақсақ қойды апам жаяу арқалатып жібергеніне, ат-арбасын бекер бермегеніне өкінді. Өзі қутындап, қарқ-қарқ күліп қояды. Апам торқадан көйлек кигізіп, менің қолыма он сом ақша (қазірше бір сом) ұстатты. Мен мәз болдым. Өзім-өз болып қолыма ақша тигені сол еді, ышқырымдағы асық салатын қалтаға жымқырып жүгіртіп жібердім де, үйге Апамды тастап жаяу қашып кеттім. Апам кештетіп өзі келді. Сол күні түнде мен Апамнан мүлде бөлініп шығып, қойнына жатпай, шалбарымды жамба-

сыма басып жеке ұйқтадым. Ондағы жымсыма ойым — Апам құдалар берген он сом ақшаны сұрап алып қояды деген қауіп. Сонда маған “Әпкенді үйге қайтарамыз, он сом ақшаны бер” десе, азар да безер қарсы болар едім-ау; сонда мен әпкемді он сомға сатып жібергендей едім. Апам ләм деген жоқ. Қойныма жат деп айтпады да, он сом ақшаны тақуалап сұрамады да. Сол күннен бастап қулық сауып, ер жеткенімді білдім. Сол он сом ақша Апам екеуміздің арамызды аша түскендей болды. Мен бөлек жатып жүрдім. Бір ай жамбасыма басып сақтаған қағаз ақша сары тап болып тозуға айналғанда, жоғалтып-ақ алғаным. Әрине, Апамнан көрдім. Не деген бекершілдік, не деген пендешілік десеңізші...

Апам менің...

ер жеттік.

Білім алып, қызмет-атақ қудық.

Ауылдан ұзап, Апамнан алыстап астанаға аттандым.

Апам Жеңісхан деген ұлының қолында тұрып жатты.

Анда-санда ауылға барғанымда, өз үйіме түсіп, Апам өзі келіп амандаспаса, шіреніп жатып алатын едім. Мен сонда ауылға келіп-кетіп жүріп, әкемдердің аузынан Апамның тіпті де менің әжем емес, шалы Дос марқұм болғаннан кейін ғана, біздің үйімізде бірге тұрғанын, әкеме шеше орнына шеше болып кеткен жеңгесі екенін білдім. Ал Доспенен менің әкемнің әкесі Исақан бірге туысады екен. Мен сонда апамның соншалықты алыс... тым-тым алыс екеніне көзім жеткенімен,

иланбай, жүрегім бәрібір баяғы кезді, Апамның жылы қойны, аялы алақанын аңсаймын.

Өткен жазда Апам түсіме кірді. Сексен жыл жолдас болған жарық астауына арпа салып, қауызынан тазартып желпіп отыр екен; маған айтады екен деймін: “Құдалар берген он сомды үйде шай жоқ болып қалған соң, мен алған едім”.

Ертеңінде мазам болмай көңілсіз ояндым да, әйеліме: “Демалысқа шығайық, ауылға барайық, Апам түсіме кіріп жүр, сен таза матадан көйлек сатып әкел”, — деп едім.

Неге екенін білмеймін, жүрегім толқып, соншалықты бір белгісіз күш ауылға асықтырды; неге екенін білмеймін, үйге келген соң да баяғыдай аяғымның басын қайқайтып жатып алмай, тағат таппай Апамның үйіне қарай құстай ұштым. Есік алдында немерелерін ойнатып отыр екен, менің екі бетімнен кезек сүйіп: “Апанды ұмытайын дедің-ау, құлыным, мұрныңнан сығып алған бала едің”, — деп, көзіне жас алды. Шай жасала бергенде, таудан отын алып ұлы Жеңісхан келді

— Апаң бұрынғыдай емес, қартайды, екі тізем бастырмайды, әйтпесе сарайым сау, тісім бүтін.

Менің есіме Апамның бес уақ дәрет алып, намаз оқыған сайын тісін тұзбен ысатыны, тіпті осы кісінің сексеннен асқан жасқа дейін бір жерім ауырды, не шаршадым, жалықтым деп қабақ шытпағаны түсті. Рас, шын айтамын, Апамның тісі әлі де маржандай екен. Рас, шын айтамын, Апам бұл дүниеде жалғыз рет дәрігерге, болмаса бақсы-балгерге қаралмай, сау-саламат өте шықты.

Тамақ жасалып, бата берді, әрі ұзақ оқыды. Батасы қандай мағыналы, мақамды. Мен анамды дәл бүгін бөлекше танып, көп-көп қадір-қасиетін қайта сезгендей болдым. Ымырт үйіріле, үйден шықтық. Жеңісхан айтты: “Шербекті (араны) әлі күнге дейін Апам қайрайды. Мен егесем, отын кескенде не секіріп жүрмейді, не өтпейді. Көзі әлі де жақсы көреді. Кеше ғана оюлап ысып сыр-мақ бітірді, түске дейін киіз басты. Қызық, әйтеуір. Тыныш отырмайды, ертең де күн бар-ау демей, бұзаудың мойын жібін есіп, нөқта істейді. Қолы босай қалса, ауырып қалатын секілді. Жеңгең иек сүйеп жаман үйреніп кете ме деп қорқамын, қанжығаға байлап жүреміз бе, жаман айтпай жақсы жоқ, бір күні қисайып қалса...”

— Апам мықты ғой, — дедім мен жамандыққа қимай. — Апам жүз жасайды.

Ертеңінде... ертеңінде таңғы сағат сегізде Жеңісханның үлкен қызы жылап жүгіріп келді.

— Апам ауырып жатыр!

Біз алғашында сеніңкіремедік, тек шешем ғана: “Жеңешемнен айырылып қалмайық, кісі шақыртатындай қатты ауырған емес еді”, — деп тұра жүгірді. Бәріміз шұбап жеттік. Апам өзінің ағаш төсегінде кеудесі сырылдап құр-құр етіп, теріс қарап, бүк түсіп жатыр екен. Көзін алайта ашады да, қайта жұмады. Тіл-аузы байланған, келгендерді танымады білем. Әкем екеуіміз басын көтеріп сусын ішкізіп едік, езуінен қайта ақты. Балалар ұлар-шу, бәріміз жылап жүрміз.

– Жеңеше, – деді шешем тарамыстанған арық қолынан ұстап. – Елу жыл бірге өмір сүріп едік, жамандығым, ағат кеткен жерім болса, кеш. Кеш, жеңеше, кеш, ораза-намазы бұзылмаған асылым, – деп, көзіне жас алып, қолынан сүйді. Әлгіден бері кісі танымай, кеудесі сырылдап, іргеге қарап жатқан Апам күшпен аунап, шалқалады да, иегін қақты. Сонсоң әрең: “К-е-с-ті-м”, – деді де көзін қайта жұмды. Дәрігер шақыртайық деп едік, басын шайқады. Содан соң өзі ымдап дәрет алмаққа ниет қылған соң, біз шыға түрдық. Біз қайта кіргенде, Апам төсекті жерге салдырып шалқасынан жатқан екен. Кірме деген үлкендер сөзін тындамай, жанына тізерлеп отыра кеттім де құдіретті саусақтарын ұстадым. Суыш барады екен, суыш... Апам күбірлеп: “Илайлолла, илайлолла”, – деп, иман айтты. Апам өз иманын өзі оқыды. Апам өз жаназасын өзі шығарып жатқанын сездім. Ендігі сәтте шешем: “Апаңнан айрылдык”, – деп, бісміллә деген күйі әлемдегі ең ұлы аналардың бірі – Апамның бетін жапты.

Үйдің іші ұлар-шу, қым-қуыт.

Апам менің... Өлдің, ауырмай-сырқамай, біртісін, шетінемей, “алла белім” демей, сексен тоғыз жасыңда өз иманыңды өзің айтып өлдің.

Апамды арулап, сырмақша орап, зузаға салып көтере жөнелгенде, үйдің бұрыш-бұрышында “апам-ау, апам” деп, зар еңіреп немерелері қалды. Маған зузаның ең бір маңдай басы тиіп еді, ағаш сырғауыл иығыма батып, жанымды шығарса да шыдадым. Мен шыдайды деп жорамал-

дады ма, әлде әдістеніп келе ме, арттағы азаматтар бекер ұстасқаны болмаса, көп күш жұмсамай, бос келе жатқанын сездім. Өлген адамның сүйегі ауыр болады дегені рас екен. Шүйкедей ғана кемпірді сойталдай-сойталдай он жігіт мықшыңдап әрең көтеріп келе жаттық. Апамды үйінен, қара орманынан ел-жұртты шулатып ала қашқан шеру жаңадан қазылған жас қабірдің басына келіп тоқтап, сүйек салынған зузаны жерге түсірген соң, біздерге бір-бір сомнан ақша таратты. Менің де ұйып қалған алақаныма жұмарланған бір теңгені ұстата салғанда, жүрегім дір ете түсті де, көзімнен жас ыршыды. Менің есіме сонау балалықтың алаңсыз жылдарында “ақшамды алып қояды” деп, Апамның қойнына жатпай, бөлек кеткенім түсіп еді. Енді, міне, мойныма қарыз болмасын дегендей, сол бір қайнатым шай алған бір сомды өзіме қайтарып тұрғандай сезіндім. Өз-өзімді тоқтата алмай жыладым, қара жер томпайғанша жыладым.

Ертеңінде ескі қораның бұрышында төңкерулі жатқан Апамның астауын алып, Алматыға қайттым.

Апам менің... Сенен не қалды? Жарық астау ма? Иә, адам өмірі де сол жарық астау секілді қаңсып қалады екен-ау... .

ТОРТАЙ МІНЕР АҚ БОЗ АТ

Біздің ауыл Салықсалғанның иығында отырған. Шілденің дәл ортасы болса да, бұл жерде қоңыр салқын, бұлтсыз күндері тамылжыған тамаша мезгіл басталушы еді. Не ыстық емес, не суық емес жайлаудың жайма-шуақ сәтінде, төбеңнен көкпеңбек болып төңкеріліп тұрар аспанға қарағайдың бүршігін лақтырып ойнайсың. Қанша құласаң ауырсынбайтын, қанша құласаң жапырылмайтын күлтеленген күреңсе балапан табанымызға кілемдей жұмсақ тиюші еді-ау. Теңіз бетінен қаншама биік болғанмен, осы Салықсалғанның кез келген жеріне жер ошақ қазсаң, көлкілдеген су шыға келетін. Әсіресе, жаңбырлы күндері қырдан құлаған лайсаңға айналып, шошайтып-шошаитып қарағай бөренеден қиып салған үйлердің мазасын кетіретін. Ол кезде колхоз. Колхоздың сиыры күніне үш рет сауылады. Ал әр сауынның арасында шөп шауып, оны маялайтын. Кеште, тіпті түні бойы сеператорға сүт тартып, май шайқайтын. Шаршау дегенді білмейтін қыз-келіншектер соғыс жылынан кейінгі бейбіт күннің шуағына жылынып, сызылта ән салатын. Тау арасында жылтылдатып от жағып, ән шарқағанда, лаулаған жалын бақсыдай тілін жалаңдатып күй шертіп, тау-тасты күңіrentіп тұрғандай әдемі сезілуші еді-ау. Біздер — бала-

лар, күні бойы өгіз үйретіп, бұзау жаямыз, үш уақ сиыр сауғызамыз. Ымырт үйіріле, алтыбақан құрған азаматтардың маңайында арпалысып, тиіп-қашып ұлардай шулап ойнап жүргеніміз. Біздің ішімізде менен екі-үш жас үлкендігі бар Тортай атты бала болушы еді. Әке-шешеден тым ерте айырылып, алыстан қосылар аталастарының есігінде жүретін. Қой аузынан шөп алмас жуас, құлағының сәл мүкісі бар, бала болып көп ойнамайтын жасқаншақ еді. Бәрімізден гөрі ерекшелігі, таңертеңнен кешке дейін бас алмай кітап оқи беретін. Қолына не тисе, соны талғамсыз оқитын Тортай ортамыздағы білгішіміз, ауымызды ашып тыңдар абызымыз сықылды.

Тортай, әсіресе, мені жақсы көреді. Жанынан бір елі қалдырмайтын. Әкем ферма меңгерушісі, үйде ішім-жем мол, ит басына іркіт төгіліп жатушы еді. Шешемнің қолынан — бір, жолынан — екі алып, әр күн сайын Тортайға таситынмын. Ол мені алдап, тамақ үшін дос болмайтын, қайта: “Мен аш жүргенім жоқ, әкеле берме”, — деп ұрсатын-ды. Өз бейілі мен көңіл хошы болмаса ләм деп аузын ашпайтын, әрі құлағы хақас еститін болған соң, әңгімеге зауқы бола бермейтін. Тек менімен ғана оңаша сәттерде ағыл-тегіл әңгіме құрушы еді.

Бір күні мен Тортайды көп іздеп әрең таптым. Тұрған үйі аузына келгенін айтып, ұрсып қуып жіберіпті. Салыңсалғанның ұшар басындағы қалың тас қорымның үңгіріне кіріп, от жағып отыр екен. Мені көрген соң, қуанып қалды.

Орнынан атып тұрып: — Мені қалай таптың, ей? — деді.

— Сенің үйің — осы тас күрке емес пе?

Тортай тас күркені ұдай қылып жинап, таза-лап қойыпты. Бұдан бұрын да осы жерге сан рет келіп, мекеніне айналдырған секілді. Қайран қалдым. Ағаштан қиып нар жасап, үстіне шөп төсеген. Өзіне тиесілі кітаптар әбден көп оқылғандықтан, жемтір-жемтір болып бір бұрышта жинаулы тұр. Төр алдына ешкінің терісі төселген. Қарағайдың жуан кеспелтек шөркесінен стол жасап, май шам қойыпты. Тастан қаланған жер ошақта маздап жанған от. Сіркіреп жаңбыр жауды. Үңгірге су тимейді екен. Күн бұлтты болған соң ба, ымырт ерте үйіріліп, көз байлана бастады. Үйден ұрлап алып шыққан нан мен ірімшікті столдың үстіне қойдым. Нардың шетінде жалаң аяғын салбыратып үнсіз отырған Тортай: “Рақмет”, — деді. Үні бір түрлі көңілсіз, қарлығыңқырап шықты. Ешкім жоқта жылаған секілді, оттың сәулесі тиген көзі қызарып, домбығып тұр еді.

— Әке-шешең іздеп жүрер, үйіңе қайт, қорықсаң, мен шығарып салайын, — деді Тортай. “Әке-шешең” деген сөзді қырсығып айтқандай болды. Ал әке-шешемнің тірі, жер басып жүргеніне мен кінәлы емес едім.

— Сенің жаныңа жата кетсем қайтеді, — дедім оттың таласын ысырып.

— Қайтасың! — деді ол міз бақпай. Мен бүгін оны мүлдем танымай отырмын. — Қайтасың, әке-шешең менің басымды жарады.

— Жармайды. Сен мені кума, дос емес пе едік.

— “Ораза-намаз — тоқтықта ғана” деген. “Ток бала аш баламен ойнамайды” деген.

Мен жауап бере алмадым, үндемеген қалпы, мыңқиып отыра бердім. Тортай мең-зең. Лаулаған отқа тесілген күйі күрсінді. Содан кейін нардан қарғып түсті де, тас үңгірдің тесігінен сыртқа үңілді.

— Жауын ұзақ жауатын түрі бар. Төңірек тұтасып алыпты. Қонғың келсе, қона ғой, — деді маған. Өзі тізесіне салып қу бұтақты сындырды да, отқа тастады. Мен әкелген ірімшікті бір асап нарға қайта мінді. Содан соң “Аласталған Али-тет” деген кітапты қолына алып әрі-бері аударыстырды да, ірге жаққа лақтырып жіберді. Жаңбыр толастар емес, құлаққа тасқа тиіп тайғанап жатқан сыбдыр-сыбдыр үн естіледі. Күркіреп, сарқырамай ұрлана жауған нөсер, қайдағы-жайдағыны еске түсіріп, қиял дүниесіне жетелейді, немесе маужыратып ұйқыны келтіреді екен.

— Босағада отырғаның не? — деді Тортай. Бағанадағыдай емес, көңілденейін депті. — Кел жаныма, мен сені тым жақсы көремін. Бастықтың баласымын деп мұрныңды көкке көтермейсің, қарапайымсың.

Тас ошақтағы оттың сәулесі қабырғаларға түсіп, қоңырқай тартады. Төбеде тесік бар-ау деймін, тырс-тырс тамшы тамады бір жерден. Біз ертекті ескі дүниеде отырғандай едік. Менің кеңсірігім ашып, бір түрлі жылағым келді.

— Тортай, — дедім.

— Ау, — деді.

— Әңгіме, не ертеқ айтшы.

— Баяғыда бір жетім бала болыпты, — деп бастады... — баяғыда бір жетім бала болыпты... ары қарай күңгір-күңгір, күбір-сыбыр ертеқке айналды. Бүгінде менің есімде Тортай айтқан ертеқтің көбі қалмаған, тіпті сол арманшыл баланың өзін де ұмытқандай едім... Тек, “баяғыда бір жетім бала болыпты” деп басталушы еді, ал, қалай аяқталатынын білмеймін, мүлдем есімде жоқ, қалай аяқталушы еді?..

Менің жадымда тамаша сақталғаны, ол тас үңгірде шөп төселген нардың үстінде жатып, оқыған кітаптары мен өзінің арман-қиялы туралы түн ортасы ауғанша айтқан күбір-күбір әңгімесінің еміс-еміс елесі ғана. Мені жып-жылы қойнына алып, ағалық ақылын айтатын тым зеректігі еді.

— Бұл дүниеде мен пір тұтар, сырласар жалғыз-ақ нәрсем бар, ол — кітап, — дейтін. — Әкем де, шешем де сол — кітап. Кейбірін екі-үш қайтара жалықпай оқып шықтым. Жалғыздығың, жетімдігің, бәрі-бәрі ұмытылып, басқа бір жұмақты өмірге сапар шеккендей боламын. Әттең, жағдай келсе, оқуымды одан әрі жалғастырып, Алматыға аттанар едім. Шынымды айтайыншы, кітап жазып, жазушы болғым келеді.

Ақ жауын сіркіреп тұр. Тас ошақтағы от қолампаланып, үңгірдің ішіне қорқыныш ұялап, қараңғылана бастаған. Тортай әлі сөйлеп жатыр, сөйлеп жатыр... Арманы таусылар емес. Демі құлағым-

ның түбіне жып-жылы болып сезіледі, ептеп қытықтайды. Мен үнсіз тыңдай беремін. Әлде тоңазығаннан, әлде қорқыныштан, Тортайдың бауырына тығыла түсемін.

Жайлаудың жадыраған ашық күндерінің бірінде Тортайға еріп бұзау бағуға шықтым. Менікі еріккеннің ермегі сықылды еді. Тас шоқының ұшар басына дейін бузауларды өргізіп бардық та, еркіне қоя бердік. Өйткені төрт аяқты мал бұл жерден ұзап ешқайда кете алмайтын. Биіктеген сайын қалың барағы орман таусылып, таудың таз төбесі басталатын. Заңғар таудың төбесінде үнемі суық жел соғып тұратындықтан, ағаш болмайды және шөп те бойлап қалың өспейтін тақыр. Жазды күндері үнемі сезімді сергітер майда леп есіп тұрар еді. Ал шоқылар өркеш-өркеш болып, көк күмбезіне найзадай кіріп ұшпалана қол бұлғайтын. Қыздың жиған жүгіндей тай-тай, тең-тең жақпар тастың ара-арасына тас сарымсақ өседі. Тортай екеуміз тыртысып, қол-аяғымызды жаралай сол биікке шығып, сарымсақ жұлып жегенбіз. Бұл тұстан таудың балағы ой-етек алақандағыдай көрінеді. Сонау шатқалда Алтайдың шолпысындай мың бұралып, ағараң қағып Бұқтырма өзені күмістене ағады. Ал біздің ауылымыз көкжалқақ мұнар пердесіне тұмшаланып, тек нобайы ғана сұлделенеді. Қына басқан тасқа құлап кетердей болып атша мініп отырған Тортай анау көк мұнар дүниеге бірдеңесін жоғалтып алғандай көзін сығырайтып ұзақ қарады-ай. Сонсоң шығыс жақты нұсқап, ереуілдеп сөйлей жөнелетін.

— Ей, — дейтін маған, танауы делдиіп, — егер осы тұрған жерімізден түп-тура шығысқа тартып кетсек, қайда барар едік? Білемісің, (мен иығымды көтеремін) ә, білмейсің. Монғолиядан бір-ақ шығар едік. Сен болмасаң, мен жүре беруден әсте шаршамас та, қорықпас та едім. Рас айтамын, Монғолияға барар едік. Бізді “о, қазақтар келді” деп құшақ жая қарсы алар еді. Аппақ киіз үйге кіргізіп, тай сойып қонақ қылар еді. Боз биенің сүтіне шомылдырып, алдымызға астау-астау қазы-қарта қояр еді. Ішеріміз — алдымызда, ішпесіміз — артымызда, қымызға қызыңқырап шәниіп жатқанда, ақ отаудың есігін ептеп ашып, ай мен күндей қос ару кірсе... әттең, дүние-ай, армансыз күліп-ойнасақ, содан соң... содан соң екеумізге екі ақ боз ат мінгізіп, әлгі екі сұлу қызды алдымызға өңгеріп елге қайтсақ. Алдымыздан ферманың бүкіл сиыры, бұзауы, түйесі, барлық адамдары қақ жарылып қарсы алып, шулап соңымыздан ерсе... әттең, дүние-ай, мұндай рақаттан кейін өліп-ақ кетсең, не арман...

Тортай көзі жайнап, астындағы жақпар тасты тебініп-тебініп қалғанда, ар жағындағы шатқалға құлап кетеді екен деп, зәре-құтым қалмайды.

— Ақ боз ат демекші, түнде түсімде көк өгізім арғымақ болып, жер тарпып кісінеп тұр. О несі екен? — деп, бұзауларымен бірге қаперсіз оттап жүрген өгізіне күн сап қарады.

— Тортай, сен түбі сол ақ боз атқа мінесің, — дедім мен шын көңіліммен.

— Қайдан, — деді ол тастан-тасқа секіріп, төменге түсіп бара жатып. — Қайдан білейін... Әкем марқұмның тақымы қотыр тайға тимей кетіп еді, қайдан білейін.

Күз жақындап, фермадағы барлық бала жайлаудан ауылға оқуға аттанғанда, тау басында бұзау бағып жападан-жалғыз Тортай ғана қалған. Әрине, мен оны қимадым, қиналдым. Өзіммен бірге ала кететін шаманың жоқтығына жыным келді. Кетерімде, ол маған ең сүйікті кітабын сыйлап тұрып айтты: “Мен үшін де оқы. Бәлкім, мен міне алмаған ақ боз атқа сен мінерсің”

— Сенің өз ақ боз атың бар емес пе?

— Жоқ, менің маңдайыма көк өгіз жазылған.

— Онда мен ақ боз атымды саған сыйға тартамын.

* * *

Содан бері көп жылдар өтті. Мен Тортайды да, ақ боз атты да әлдеқашан ұмытқанмын. Бір рет ауылға барғанымда, азаматтар сөз қылып отыр екен. Тортай үйленбек болып ішкері жақтан жуастау бір қызға сөйлеседі. Сонда қыз: “Жеке басыңды қорламаймын, мен көндім, бірақ жаман-жақсы болса да әке-шешем бар, солардың ықыласынсыз кете алмаймын, өзің алдарынан өтіп қайт”, — деген екен. Содан Тортай атына міне шауып, қыздың үйіне барады. Сәлем алысқан соң, қалыңдықтың әкесі: “Кімнің баласысың, шырақ?” — деп жөн сұрағанда, құлағының мүкісі бар Тортай ұқпай қалып: “Малдан келдім, ата”,

— деп қойып қалса керек. Ха-ха-ха... Шал: “Саңырауға қызымды бермеймін”, — деп, ит қосып қуып салыпты.

Елге енді бір рет барғанымда естідім. Тортай үйленген. Екі-үш баласы бар. Қой бағады екен.

Бытыр жазда демалыс алып ауылға тағы бардым. Әкемнің төрт бөлмелі, бау-бақшалы үйінде еркін сайрандап, тойып жеп, тасырандап жүрмін. Шешем бәйек болып: “Не ішесің, не жейсің, құлыным”, — дейді зыр жүгіріп. Түске жақын жұп-жұмсақ диван үстінде шалқамнан түсіп серейіп, газет оқып жатыр едім. Алдыңғы бөлменің есігі әндетіп ашылды да, әлдекім кіргендей болды. Көрші-қолаңның бірі шығар деп, аса мән бере қойғаным жоқ. Әйтеуір, шешеммен сөйлесіп отырды. Әңгіме күңгірлеп еміс-еміс естіле берген соң, есіме баяғы бір қоңыр үн түсіп, еріксіз құлағымды түрдім. Келген — Тортай екен...

— Тәте, айып етпеңіз, әншейін. Орашқа амандасайын деп, өзімсініп келіп едім...

— Ол ұйқтап жатыр, — деді шешем. — Оятпай-ақ қоялық. Төрге шық, отыр.

— Жо-жоқ, о не дегеніңіз, тәте, маған осы босаға да жетеді, әншейін Ораш келді деген соң, амандасайын деп, баяғыда... бала кезде бірге өстік... талай рет бұзау жайып едік; енді, міне, ел таныған азамат болды... айып етпеңіз, мен қазір кетемін, тәте... Ораш келді деген соң... жалғыз ұлын ғой, құдай қуат берсін... бізді қойшы... біз ондай үлкен кісілердің садағасымыз ғой... рақ-

мет, тәте, тамақ ауыз тиейін; осы құрғырды жақпаса да баз-базында ішіп қоятыным бар... ал, тәте, Орашың аман жүрсін... атағы аспандай берсін... қол қойдырып алайын деп, мына бір кітабын қойныма тыға келіп едім, тағы да соғармын... малдан қол тие бермейді... қыстай жемдеген торы атты управляющий алып қойған, тәте, мың салса баспайтын тағы бір тырақысын берді, “саған осы да жетеді, торы атты озат шопан мінеді” дейді... ал, кеттім, рақмет, тәте... келді-кетті деп сөге жамандамаңыз; әншейін Ораш келді деген соң, үлкен кісі ғой... бірге өскен, сәлем берейін деп... мен келді деп, тіпті айтпаңызшы, тәте, ұят болар, ал сау болыңыз, рақмет... итіндеп баяғы өзіңіз білетін Салықсалғанға жеткенше, түн ортасы болар... өзіңіз білесіз, Салықсалған алыс, өте алыс... Монғолияның бер жағында...

Мен сұлап жатқан орнымнан белім кеткендей тұра алмадым. Шынымды айтсам, ұялдым – Тортайдан ұялдым. Батылым бармады. Бет-жүзім шыдамады. Сонда ғана менің есіме “баяғыда бір жетім бала болыпты...” деп басталатын ертектің қалай аяқталары орады. Е-е, осылай аяқталады екен ғой, осылай...

Тортай мінер ақ боз ат... менің тақымымда кеткендей еді... несіне қайтаруға кеш еді..

ТОҚАДАН ҚАЛҒАН ТҮЯК

— А-а-а...

Біздің үй мен Тоқа шалдың үйі көрші тұратын. Әсіресе, қыстыгүні қорадан асыра лақтырған, қатып қалған жылқының қиы бір-бірінің ауласына түсіп, итіс-тартыс болып жататын. Үлкендердің арасындағы ондай дауға мен араласа бермейтінмін. Ана бір жылдары Тоқаның есігі біздің үй жаққа қараушы еді, “дүзге отырғанымызға дейін, кірген-шыққанымызды андып пәле қылады” деп, құбыладан шығарып алған. Шоқша сақалы бар, аласа бойлы, екі қолын үнемі артына ұстап, желдегендей кәкке қарап телміріп тұратын шалдың мінезі шатақ, өзім деген кісісі болмаса, иімейтін бірбеткей еді. Шаруасы түгел, қора-қопсысы жинақы, тықадай болып ертенді-қара кеш тырбандап келіп жүретін. Соғысқа қатысқан. Бір құлағын беріп қайтыпты. “Құлақты Гитлер алып, шұнақ Тоқа атандым” деп, жарықтық қарқ-қарқ күліп отыратын-ды. Көп жыл қорықшы болып, ел-жұртты қан қақсатты-ау. Ауылдан ұзап шыққан малды ұшына темір байлаған бишігімен басы-көзге сабалап, не қораға қамап тастайды, не болмаса Алтайды асырып таудың арғы бетіне қуып жібереді.

Қарттығына қарамай най тартатын әдеті және бар. Махорканы бір қарыстай етіп орап алып,

тын. Есік алдына шыға келген сайын, будақта-
тып темекі тартып, іннің аузындағы суырдай шо-
қиып отырған Тоқаны көруші едім. Сол Тоқа
үйінде жалғыз жатқан бір кеште, найзағай ой-
нап, жай түсіп, талып қалыпты. Ауыл-аймақ
жиналып, талып жатқан шалдың басын көтер-
генде, есін өрең-өрең жинаған Тоқаның алғаш
сұраған сөзі:

— Мені қойшы, қара ешкі қайда екен? — де-
ген екен.

— Ассалаумағалейкум! — деймін қашаға мінген
күйі айқайлап.

— Әлексалам, молда бол, балам, а-а-а, — дейді.
“А-а-а” демекші, Тоқа, шал не өзіл әңгіме айтып
отырып, немесе өзгені тыңдап отырып өз-өзінен
“а-а-а” деп мұрнын тартатын. Мұрнын тартатын
себебі, бала кезден бергі әдет аурудан жаман қал-
май келеді екен. Шал болған шағында мұрнын
тартқаны біздерге ерсілеу көрінетін, амалы не,
үйреніс қой... үйреніс...

— Ата, бүгін қорықшылыққа бармадыңыз ба?

— Баламды жібердім, а-а-а. Сен не ғып тау-
ықша қашаға қонақтап отырсың. Қораның тезегін
неге тазаламайсың, әлде сіздің үйдің сиыры бітеу
ме еді.

— Жоқ, ақсаңал, қайта сізден сұрайын деп едім.
Қашан көрсек те жылы қораңыздың көңі бұрқы-
рап, үнемі бір құп-құрғақ болып жатады. Біздің
қарасандар астын көк тайғақ, үсті-басын салтақ-
салтақ қылып, сар жамбас болып жүргені. Неме-

балаша тосып аласыз-ау деймін.

Тоқа мөз болып күледі.

— Оның әдісі бар, бірақ айтуға болмайды, а-а-а...

Күндер жылжып өтіп жатады. Тоқа шал сол қабақтың үстінде махоркасын будақтатып әлі отыр. Күрк-күрк жөтеліп, алдын көл-жайсаң қылып түкіріп қояды. Ассалаумағалейкум! — деймін.

— Әлексалам, молда бол, балам, — дейді. Жайлап басып жанына барамын.

— Халыңыз қалай, ақсақал? — деймін.

— Қатты жүрмейміз, қарап тұрмаймыз, а-а-а, — дейді.

— Ата, осы сіз соғысқа қатыстыңыз-ау, — деймін.

— Е, қатыстық. Герман тұрғанда — құлақ тұра ма? Беріп қайтқамыз, а-а-а, — деп шұнақ құлағын көрсетеді.

— Сонда жауды қалай жеңдіңіз?

— Апыр-ай, анауың да, мынауың да тақуалап сұрай бердіңдер-ау, — деп кейиді.

— Әнеугүні сәскеде үйден шығып едім, — деп бастайды әңгімесін сосын. — Үйден шықсам, аспан ала бұлтты екен. Кеңсе жақты болжап қайтайыншы, совхоз мал сойып жатса, ішек-қарын, бас-сирағын сұрайын деп, дорбамды арқалап солай қарай беттедім. Алдымда көлденең дөңбек жатты. Осыдан бес-алты күн бұрын жағалауға тасқын шығарып тастаған су-су теректі әлгі бес



қыздың ортасындағы жалғыз ұлым сүйреп келген екен. Иә, сонымен әлгі дөңбектен аттап өтіп, жоқ... айналып өтіп, жоқ, аттап өттім-ау деймін... жоқ, айналып өттім бе?... Қара басып ұмытып қалғанымды қарашы, апыр-ау, аттап өттім бе, әлде айналып өттім бе әлгі дөңбектен, а-а-а... (ойланып, сақалының ұшын тістеп біраз отырады) Е-е, құдай-ай, айналып өткен екем ғой, жо-жоқ денсаулық бар, жаман дөңбектен аттап-ақ кеткен шығармын... Ұмытшағым-ай осы. Бәрі Гитлердің кесірі, а-а-а... айналып өттім-ау деймін, ол кезде ауырыңқырап жүргенмін. — Шырағым, — дейді содан соң орнынан қолын таяна тұрып, — ертең келші, қалғанын есіме түскен соң айтайын.

Ертеңінде Тоқа шал меншікті мекенінде жоқ екен, тегі, қорықшылыққа кеткен болуы керек, жирен қасқа аты да көрінбейді. Біздің қара сиыр да жым-жылас, сауайын десе маңайдан іздеп таба алмай, тоғай жақтан апам келе жатыр екен.

— Әкеннің атына міне сал да, сиырды болжа. Бозтал жақта екі-үш қара жайылып жүр екен. Бәлкім, сол шығар. Әлде Тоқа қақпас азан-қазан мөңіретіп қамап тастады ма, — деген соң, көк атқа жайдақ мініп, жоқ іздеуге шықтым.

Күн әлдеқашан шықса да, бұлттың арасында бозамықтанып тұр. Малы түгел ағайын сиырын сауып, өріске айдап барады. Шелектері шикылдап екі-үш әйел суға келе жатыр. Мектеп жақтан пионер кернейінің даусы шығады. Жұқалтаң шық түскен екен, әлі ерімепті; жабағы бұлттың ара-арасынан сығалап қалған күннің сәулесі түсіп,

көздері жылт-жылт етеді. Еріншектене басып ауылдың ер-азаматы кеңсеге беттеп барады. Тоқа шалдың жалғыз ұлы пыс-пыс етіп отын жарып тұр.

— Атаң қайда? — деп едім. — Мал қайыруға кеткен, — деп, шөңк ете қалды. Сосын мұрнын тартты. Денелі болғанымен, даусы шіңкілдек, жіңішке. Япыр-ау, айнымаған әкесі... мұншама ұқсар ма, аузынан түскендей.

Бозгалдың кейкеңімен сыпыра аяндап, етекте жатқан тоғайдың үстінен қарап келе жатқанымда, алдымдағы сайлаудан жылт етіп әуелі шошайған бөрік көрініп, артынша-ақ Токаның басы шықты.

— Ассалаумағалейкум!

— Әлексалам, молда бол, балам, а-а-а... ертелетіп жүрсің ғой. Әкесі еріншек болса, баласының мазасы кетеді деген осы, шырақ.

— Біздің сиыр жоқ, ақсақал, түнде күресінде жатыр еді... көрмедіңіз бе?

— А-а-а... Көрдім-ау деймін. Жоқ, көрмедім білем... Мен таңертең ерте тұрып арқандаулы атыма барғанда... деді де самбырлап жөнелді. Енді Тоқа шалдың тоқтамайтынын білдім де, көк атты тебініп қалып ілгері жүріп кеттім. Былайырақ ұзап шығып артыма қарағанымда, қолын сермеп қойып Тоқа шал бағанағы орнында әлі сөйлеп тұр екен...

— А-а-а, — деп мұрнын тартқаны алыстаған сайын құлағыма жақын естілгендей.

Қыс түскенде, апам айтты: “Биылғы қыста көршінің бар сырын ашуымыз керек, балам. Тоқа



қақпастың қорасын қашан көрсең де құп-құрғақ. Сиырларының артына шелек байлап қоя ма? Бірінші — осының себебін білу керек; екінші — шөп шарбағында тіс шұқитын қоқым-соқым, сағдар-союу қалмайды, оны қайда жібереді, соны анықтау керек”, — деп құпия тапсырма берді.

Алтайдан арқан бойы ғана биікте еріншектене батысқа жылыстаған қыстың қысқа күні бағана батып кеткен. Жылы киініп, құлақшынның бауын мықтап байлап, Тоқа шалдың қорасын аңдыдым. Көз байланып, төңіректі қою қараңғылық қымтай бастаған. Қардан жабу жабылған жер ағараң тартып, түн құшағына бой ұсына алмай жүдеу жатқан. Сықырлап ашылған үннен селк етіп, құлағымды түре қойдым. Тегі, Тоқа болуы керек, екі сиырын қорадан шапшаң айдап шықты да, жалғыз ұлы екеуі шыбыртқының астына алып қуа жөнелді. Тұяғы сыртылдап, тапталып қалған жылтыр қарға тайғанақтаған шаңырақ мүйіз сиырлар бүрсең-бүрсең желіп барады. Әке мен бала малды ұзата қуып әкетті. Едәуір уақыттан соң, сол толас таптырмай қуалаған қалпымен қайта айдап әкелді. Мал да, адам да әбден шаршаған секілді, ырс-ырс етеді. Екі сиыр қуғын-сүргінге шыдай алмай, құйрығын шошақта жапа тастап, зәр жіберіп еді, Тоқа да құманын ұстап дәрет сындыруға қораны айналып кетті.

— Іштерін тазалап болса, жабық қораға қама! — деп бұйырды баласына.

Болған оқиғаны апама айтып беріп едім, ол кісі қайран қалып, біразға дейін көршісінің қулы-

ғына тамсанып отырды: “Бәсе, – деді, – өзім де солай-ау деп жорамалдап едім. Тіпті қыстай малының асты құп-құрғақ болып шаңытып жатады. Әй, қақпас-ай, жердің жыртығын жамаған зәлімсің-ау”.

Келесі күні өзіміздің екі сиырды апам екеуіміз бақанның астына алып, Тоқаның соңынан қуа жөнелдік. Осы күннен былай біздің малдың қорасы да тап-таза болып, құрғақ тұратын еді.

Апамның екінші тапсырмасын да орындадым. Тоқа шал шөптің мал жемей сояу болып қалған қалдық-сағдарын қораның бел ағашына биігірек етіп баулап, байлап қояды екен. Сиыр малы қаскүнем келеді, бір нәрсені бүлдірмесе, сүзгілемесе басы ауыратын қу мүйіз әуесқой ғой. Алдында жатқан шөпті тастай беріп, аузы жетер-жетпестегі сояу-сояу сағдарға ұмтылады да, созылып барып тілімен орап, ілінгенін күтірлетіп шайнап-шайнап жеп қояды екен. Сиыр “психологиясына” әбден қанық Тоқа шалдың шөбі жазға жетіп, ал пішені тақа таусылып қалған ауылдастарына артығын сатады. Осы қыста біз де мал азығын көп үнемдедік.

– Ассалаумағалейкум! – деймін.

– Әлексалам, молда бол, балам, а-а-а, – деп мұрнын тартады.

– Соғысқа қатысқаныңыз рас па? – деймін.

– Оның несін сұрай бересің тақуалап. Беріп қайттық қой бір құлақты. Әлі есімде, соғыс бітіп елге қайтып келе жатырмын, а-а-а... Қолымда дәу қара чемодан. Іші толған олжа, бала-шаға-

ның қамы дегендей, а-а-а. Не болса — сол болсын, балаларға сорпа болсын деп, әжептәуір дүние салып алғанмын. Шойын жолмен неше күн, неше түн жүріп Новайсiбiрдiң вокзалына түсе-түсе қалыстық. Аяндап ендi жүре берiп едiм, еңгезердей бiр орыс “ой бауырымдап” келiп бас салып құшақтап, солқылдап жылады-ай. Өзiмiздiң ауылдың мен соғыста жүргенде ер жетiп кеткен ер-азаматының бiрi шығар-ау деп, ел жұртты сағынып әрең келе жатқан мен жүрегiм жiбiп, көрiсiп солқылдап жыладым. Бiр уақытта әлгi орысым менi итерiп тастай берiп, терiс қарап өз алдына жүрдi де кеттi. Артынан аң-таң қарап тұрып-тұрып еңкейiп қолымды созсам, чемоданым орнында жоқ, а-а-а...

Арада көп жылдар өтiп, бiлiм, одан соң қызмет қуып, ауылға сандаған уақыт — көп мезгiл бармай жүрдiм. Жаздың тамаша тамылжыған күнiнiң бiрiнде, бiтiк ескек егiндiктiң арасын қақ жарып өтетiн қара жолмен ызғытып келе жатқанбыз. Астымызда — қызыл “Жигули”. Сонадан қырдың басында, ыстық күн болса да, тымағын шошайтып тұрған атты адам көрiндi. Мал қайырып жүрген Тоқа шалсың-ау деп ойладым. Машинаны тоқтатып, “ақсақал” деп айғай салып, қол бұлғап шақырдым. Сәлем бере кету ниетi едi, жаман-жақсы болса да көз көрген үлкен адам. Атты кiсi бұлкек-бұлкек желiп, жасқаншақтана жанымызға келдi. Ептеп жасарып, үшкiл сақалды алып тастап, тек сепсиген мұрт қана жiберген Тоқа шалдың дәл өзi.

– Ассалаумағалейкум, ата! – дедім.

– Әлексалам, а-а-а... Орашпысың? – деді.

– Қуаттысыз ба, ақсақал? – дедім. Ол ыржың етіп күлді. Күлді де мұрнын бір тартып:

– Мен ақсақал емеспін. Тоқа шалдың жалғыз ұлымын ғой. Атам баяғыда өліп қалған, а-а-а, – деді.

Ұзап кетсек те, төбенің басында секиіп тұрған Тоқа шалдан қалған жалғыз тұяқтан көз алмадым.

– А-а-а...

КҮЛПӘШТІҢ ҰРШЫҒЫ

Шешемнің замандасы еді. Біздің үйдің қыр жағында тұрады. Ақарлы-шақарлы, бала-шағасы көп адам. Ерінен ерте айрылған. Соғысқа кетіп, содан хабар-ошарсыз жым-жырт жоғалған. Тас-тай батып, судай сіңіп кеткен. Әйтеуір, ұлдары ересек, үлкені үйленген, одан үш-төрт немересі және бар. Ертеден қара кешке дейін есік көзінде басқышта, тулақтың үстінде ұршық иіріп отыратын Күлпәштің екі көзі біздің үйдің түтінінде.

Табиғатынан қыдырмашы адам болған соң, көрші-қолаң оны жақтыра қоймайтын. Бірақ су-мақайлығы, ауыл үйді бір-біріне айдап салар ай-тақшыл өсек-аяңы жоқ әйел. Тек біреудің үйінде



жаңалық болса естімей, алыстан ағайындары келіп жатса, барып есендеспей отыра алмас еді. Жіп иіретін ұршық – Күлпәштің жан жолдасы, түнде басына жастап ұйқтайды екен. Қашан көрсеңіз де, шынтағын шошайтып, созақтата жіп иіріп шаншылып отырғанын көресіз.

Дегенмен, түгін шыққан үйді аңдып, ыстық тамағының үстіне дәл түсетін әдеті бары рас. Жұрт Күлпәштің осы мінезінен зәрезап болатын. Бағзы заман емес, қазіргі ағыл-тегіл тоқшылық уақытта, бала-шағаның ортасында оңашаланып аузыңа енді ала берген асыңа бір емес, екі емес, ортақ бола берген адамды – атаң болса да жақтырасың ба, тәйірі. Бірақ жұрттың күңкілін, қыржың-тыржың теріс қабағын Күлпәш қаперіне де алмайтын. Салдырлай әңгімесін айтып, алды-артына қарамай асай беретін, тіпті “жесендерші” деп, өз асыңды өзіңе тықпалайтын; тіпті өз үйінен кекіре тойып шығып, көршінің шайына зыр жүгіріп кетер еді.

Қыстың алғашқы айының бір күні еді. Таңертең тұрсам, аппақ болып қар жауып қалыпты. Кеше ғана қара қожалақ жатқан дала аң көрпесін қымтанып, ұзақ ұйқыға кеткендей жымжырт. Қар бетіне иттің ғана ізі түскен. Күн көтеріле, алғашқы қар қалыңдығына қарамай жылбысқалана еріп, ақ сорпасы шығып бусана бастады. Ағаш күрек алып әрі-бері тазалап көріп едім, жабыса иленіп ырық бермеген соң, тастағанмын. Ағаш-ағаштың бұтағын сындырардай тұтасқан қар ептеп еріп, тамылжи сорғиды. Ай-

налаңа, әсіресе, күн шығар жаққа қарай алмай ұяласың, көз қарығады. Қолтығына қысқан қалайы аяғы — ыдысы бар, екі қолын жеңіне қусырынған Күлпәш үйінен асығыс шығып, бізге қарай қаздандай құлдады. Жақындай бере, одан бұрынырақ үйге сып етіп еніп кеттім. Апамдар шай ішіп отыр екен. Іле-шала будақ-будақ бу алып Күлпәш та кірді. Кіре бере “алла, белім” деп, табалдырықта жалп ете түскені. Әлгінде ғана сайрап, есен-сау шай құйып, самаурынға иелік жасап отырған шешем, ол да сап етіп шекесін ұстап, “алла, басым” деп зарлай жөнелгені. Мен аң-таңмын, екі әйел еселесіп, бірсыпыра ыңқылдады-ай... Күлпәш көзінің астымен ақырын ұрлана шешеме қарайды да, өзінен зор шыққанына шындап көзі жетті білем, жылжып, “аллалай” дастарқанға жақындады.

— Саумысың, Күлия? — деді жарамсақтана. — Ауырып қалғанбысың?

— Ауырмай отыратын күнім бар ма, Күлпәш. Бір үйдегі — бір кісі болған соң, сүйретіліп тұрасың.

— Мен де сол, әйтеуір, өлмеген соң, балаларға бас-көз болып жүрген. Екі күн болды, белден шойрылғалы.

— Үш күннен бері менің де басымның сақинасы ұстап.

— Мен де жетісіп отырғаным жоқ, бәтір. Бес күннен бері екі тізем қақсайды.

— Он күннен бері оң иығым шағатын болып жүр.



— Бір ай болды, екі аяғым кеміріп жатыр-ау, жеп жатыр...

— Былтырдан бері, құданың құдіреті, екі көзім бұлдырлап көрмейтінді шығарды. Өстіп жүріп су қараңғы соқыр болып...

— Қойшы-ей, қайдағыны айтпай, кейде менің де екі құлағым тарс бітіп қалады.

Ендігі сәтте шешем де, Күлпәш та ауруларын ұмытып, құла шайды сораптай ұрттап, ұзақ сонар әңгімеге көшкен. Ал мен аң-таңмын...

— Е-е, замандас-ай, — деп күрсінді Күлпәш. — Шалың бар сен осындайсың. Жиырма жылдан бері жесір біздің не жанымыз шыдап жүр десеңші. Жүрген ғой, әйтеуір, өлейін десе, қол тимей... Е... е...

— Бойында шыбын жаны бар демесең, біздің үйдің иесі ауырады ғой, қатты ауырады. Трудовой өтіп кетсе керек. — Шешем төргі бөлмеде көзілдірігін киіп кітап оқып жатқан әкем жаққа мойнын соза қарап қойды. Содан соң маған: — Есікті жаба салшы, — деді. Әңгімемізді естіп қоя ма деп сезіктенді білем.

— Е, сөйт, балам, төргі бөлменің есігін жаба сал, — деп қайталады Күлпәш. — Жүзіқара-ау, ұлыңа шай құйсаңшы, — деп шешемнің ұмыт қалдырған шаруасын және есіне салды.

— Күзден бері осы жаңғалақтық пайда болды, — деді шешем. — Қазір қойғанымды қазір ұмытамын.

— Мен де ұмытшақпын-ей, — деді Күлпәш. — Әнеугүні Шәкендердікі ет асқан екен, барайын деп тұрып, кара басып ұйқтап қалыппын.

— Кеше соғым сойған күнге дейін тісіміздің суын сорып отырамыз ба деп, қалған кара ешкіні алып соқтық.

— Не дейді!.. Күлпәш қайран қалып танданды. — Айттым ғой, кейінгі кезде ес-ақылдан айрылып жүрмін деп. Айта салғанды да білмейсің. Тіпті түгіндерің бықсымап еді, сен де қуланып, саранданып барасың-ау. Ішек-түшек, қарын-сарын алып қалушы едің... дәметіп...

— Алла, басым! — деп, шешем әңгіменің ауанын бұзып жіберді.

— Алла, белім! — деді Күлпәш. — Көп отырып қалдым-ау, сенімен әңгімелесемін деп. Біздің кара сиыр қарасан болды. Арты бітеліп, алты ай болды желіндегелі. Түйе секілді найкалып жүр албасты, кара суға қамалтпай, бір шайлық сүт бер.

— Біздің қоңыр сиыр ерте суалып барады. Өзі үш емшек, өзің білесің, бір емшегі баяғыда кеткен. Жем-шөбін алдына төгіп отырған біз емес. Бір сағат созғыласаң, жалғыз шайлық сүт әрең шығады. Сенің ұлың қойда ғой, анда-санда біздің үйге де бір қапшық жем әкеп тастамай ма? Міне, сүттің бары осы, — деп, тостағандағы шайға қатып отырған сүтті көрсетіп еді, Күлпәш үңіліп қарады да:

— Е, мынауың көп сүт, — деді шімірікпей.

— Көп сүт болса, аузымнан жырып саған-ақ бердім, — деп, барлығын Күлпәштің ыдысына қотара құйып бере салды. Содан соң өзі үлкен бір мәрттік жасағандай замандасына риза көзбен күлімсірей қарады.

— Рақмет, Күлия! — деді ол қош көңілмен шығып бара жатып. — Ұлыңның қызығын көр, алла белім, аяғымды бастырмайды, сүйретіліп қашан жетер екенмін...

Терезеден тысқа карап едім, үйіне қарай құстай ұшып, безіп бара жатқан Күлпәшті көрдім.

— Ораш, — деді шешем, — шоланда бір меске сүт пісіп тұр еді, алып келші.

Мен аң-таңмын.

* * *

Ер жетіп, ауылдан ұзап кеткеніме көп жыл өтті. Анда-санда ғана қатынап тұрамын. Елдің қадір-қасиеті әлі бұзыла қойған жоқ. Әрине, алыстан жолаушы келген соң мал сояды, амандасуға ағайын-туған жиналады. Сондай бірінен соң бірі сабылып жатар ауылдастарымның ортасынан ең әуелі іздейтінім — ұршық иіріп отыратын Күлпәш еді. Шешемнен амандығын алғашқы сұрарым да сол кісі.

— Ел, ол қатынды құдай ала ма? Жүр ғой, әйтеуір, жеті күн жерден, жеті күн — елден жеп, — шешемнің бұл сөзі зілсіз, ешбір кек, жаулық тілемей айтарын білемін. Өйткені баяғыда мал сойса, Күлпәштан қулығын асырып ым-жымын көрсетпей қоятын да, егер келмей қалса: “Әлгі қатын қайда жүр, ауырып қалған жоқ па?” — деп, елегізіп іздеп отырар еді. Сыбағасын сақтап, бөлек алып қоятын.

Ауылға оқта-текте бара қалсақ, “туған жердің келбеті-ай, ауасын-ай” деп тамсанып, күні кеше

ғана қашқандай болып, екі қолынды төбеңе қойып безіп кеткен ауылды жаңа көргендей өп-өгірік таңырқап, тамсанып қарайтын жасанды әдетіміз бар ғой. Сондай әрі жалған әрі монтаны мінез маған да жүкқан-ды. Тыртиған трико киіп, қырыққан серке бұттанып, маң-маң баса өзен жаққа беттедім. Бұқтырма барған сайын молайып, екі жағалауын кеміріп, кенересін кеңейтіп келеді екен. Су алатын жарқабақтың жиегінде екі шелекті төңкеріп тастап, ұршық иіріп Күлпәш отыр. Кішкентай немересі құмнан үй жасап ойнап жүр. Мені көріп, орнынан лып етіп тұрып қарсы жүрді.

— Ұйбай-ау, Орашжан-ау, қашан келіп қалғансың? Дені-қарның сау ма? Күлия ұлы келіп көзайым болып, той жасап жатыр екен ғой. Жүзіқара әбден қуланып алған, мен тіпті ауыл үй отырып сезбей қалдым.

Бетімнен сүйді.

— Түу, жүдеусің ғой. Ала қағаздың бетін айналдырамын деп азып кетіпсің. Біздің ұл шұжықтай... Иә, оқуыңды қашан бітіресің? Оныншыдан соң оныншы класқа мұғалім боп жүргендер көп қой. Бітпейтін неме болса қайтып келсеңші, жаман әкенді жалғызсыратпай.

— Оқуымды әлдеқашан тауысқанмын, шеше.

— Енді не ғып қайтпайсың?

— Қалада қызмет істеймін.

— Қызметті қайтесің. Жаман әкең отын-шөбін жеткізе алмай, біздің ұлға сан рет келеді. Біздің ұл мықты болып өсті... Трактордың құлағында

ойнайды. Ептеп ішіп қоятыны бар, ол ештеңе етпес... Қалада да қарап жүрмейтін шығар.

Мен не айтарымды білмедім. Ауылда қалып не тракторист, не орманшы болмағанымға өзім де сан рет опынған едім... Әкем қартайыңқырап, оның үстіне денсаулығы нашар, шаруасының қиюы қашып жүргені рас-ты. Енді қайтейін, қаладан отын-шөп жіберетін емес...

Бағланның төре табақ етін алдымызға енді ала бергенде, самбырлай сөйлеп Күлпәш кірді.

— Ей, қатын, — деді шешеме айбындап. — Неге қуанбайсың? Жаман жүрегің неге жарылмайды, ойбай? Май ішкен мысықтай, екі көзіңді тарс жұмып жылмиып отырсың, ғой. Ұлыңның келгенін неге айтпадың? Ораш сенің ғана ұлын емес, күні кеше мұрнынан сығып алған менің де балам. Балам болмаса — баламның жан жолдасы, күні кеше тай құлындай тебісіп бірге өскен. Жылқының майындай жылбысқаланып, Орашыңның әкелген сәлем-сауқатын жалғыз өзің жамбасыңа басып жатырсың ғой. Қысқы — қызылымыз бен жазғы — ағымызды қылдай қылып бөліп жеуші едік. Баяғыда біреу “Ауыл үй қонсақ қоналық, бірақ аяқ-табақ араластырмайық” деген екен. Отыз жыл отас болған көршінің қақысынан қиын не бар бұл жалғанда. Ұлың қайда? (Мені жаңа көргендей құшақтап, екі бетімнің сау-тамтығын қалдырмай сүйді). Келші, құлыным, мауқымды басып, шөлімді қандырып шөпілдетейін-ай. Ренің жақсы, бұрынғыдай емес, толып, азамат болыпсың. Ай сайын ақша жіберіп, әке-шешенді асырап жатырсың,

естімей, көрмей отырғамыз жоқ. Әлгі біздің жаман ұл май-май болып, темір итаяғының астынан бір шықпайды, жүргенінен тұрғаны көп. Көк тиын әкеліп жатқан ол емес, “апа бересілі болдым” деп, ашқарақ сиырдай мөңіреп тұрғаны. “Аласысы” қашан, ит біле ме. Неге ауыздарыңды аңқайтып қалдыңдар, ет жесеңдерші. Ей, шал, жамбастың етін азайтып маған берші, – деп, салалы саусақтарын табаққа тарбайта салды.

Мен аң-таңмын.

Әкем мырс-мырс күліп, жамбасты етімен ұстата берді. Ал шешем болса бір қызарды, бір сазарды. Содан соң тамағын кенеп сөз бастады. Бейне бір бұрынғының билеріндей...

– Әй, Күлпәш, сен өйтіп бастырмалатпа. “Жуас түйе жүндеуге жақсы” деп. Қара суымнан қалдырып көргенім жоқ, көзіңнен шықсын. Баламның алдында жер-жебір, жекен суыма жетіп, есімді шығарып жібердің ғой. Кешке берген тайыңды ал, бірдемесін өткізіп қойғандай, ер-тоқымыңды бауырыңа алып тулағаның неткенің. Бозталдан шөбімді жеткізіп бер деп он рет барғанда, он күн аяғына бас ұрғанда, төгіп-шашып әрең әкелмеп пе еді ала көз ұлың, онда да аңысын былай алып, шөлмек-шөлмек арағымды ішкен, ол аздай трактормен сүзіп қораның қанатын құлағып кеткен. Бір басыңда бес ұршық бар, бірін бере көр деп жалындым, бетпақтанып міз бақғың ба?.. Енді келіп, екі иығыңды жұлып жеп, гамағымнан тас өткізіп, отымның басын сабаптайсың... Әдірем қал...

– Сенің де сырың белгілі. Шалым бар деп кергисің келіп, кердендейсің келіп...

Мен орнымнан тұрып кеттім. Әкем: “Жетті енді, желіге бермендер!” – деп, зекіп еді, екеуі... бірдей жым болды.

Сүт пісірім уақыттан кейін, жайдары жарасып, маңдайлары жіпсіп, шай ішіп отырды. Ұзақ бір әңгімеге кеткен. Бір-біріне аса риза көңілмен рақаттана күледі.

– Сен қатын да қайдағыны білесің, – деді Күлпәш құла шайды сораптай түсіп. – Шалыңның қолын қағып көргем жоқ, сен де кеңсің ғой.

– Рас, сенен қызғанып қайтемін. Бір өтірігі жоқ, – деді шешем. Екеуі тағы күлді. Мен аңтаңмын.

– Осы, Күлия, сен әлгі жоғалған шелегіңді таптың ба? – деді Күлпәш.

– Жоқ, судай сіңіп, тастай батты ғой.

– Құлағыңды бері жақындатшы. – Сыбырлап сөйледі. – Тірі адамға мен айтты деп аузыңнан шығарып, сездірме. Сенің шелегіңді мен бір үйден кердім.

– Қойшы әрі, рас па?

– Рас, өтірік айтсам жаным шықсын. Шелегіңнің бүйірінде кішкене майысқаны бар еді ғой.

– Дәл өзі.

– Ендеше, сол шелек біздің үйде, Мағыштың сеңкесінде керосин құюлы тұр екен, танып алып келдім. Тегінде, осы ауылдың бары мен жоғын менен сұра.

Шешем Күлпәшқа қағазға орап бір асым ет беріп, ол қолтығына қысқан олжасын зыр жүгіріп апарып тастады да, сүйектен жоньп істеген ұршығын алып құстай ұшып қайтып келе жатты.

Өте әділ айырбас, екі жақты түсінушілік жағдайда өткен бүгінгі кеңес келесі күні басқаша сипат алған.

Етті асып жеп алған Күлпәш ұршығын сұратып жіберіпті...

Мен аң-таңмын...

ҚҰЛАШАНЫҢ ШОТЫ ЕДІ

Баяғыда... ертеректе Қатынқарағай ауданы бойынша Құлаша деген ортақ шал өмір сүрді. Ол кісіні жұрттың бәрі жатқа білетін. Ағайын-туғанынан ерте айрылған, панасыз жетім еді. Жетімдіктің ең қиыны — қартайғанда екен. Ел аралап, дәруіш боп күн көру пайғамбар жасынан асқан адамға лажсыздық еді. Лажсыздық емей немене, жетпіске жеткен шалдың қара жолды шаңдатып, жаяу-жалпылы ел кезіп, керзі етігін тоздырып тірлік кешуі қайбір жетіскендік. Бұл кісінің әбден қартайған шағында не себептен панасыз, малсыз-жансыз тұл қалу сырын мен білмеймін. Менің білетінім — Құлашаның былғары қапшығы, тобылғы асасы болушы еді. Ал былғары қапшығының ішінде әсте де ішім-жем жол

азық емес, көненің көзі іспетті: мүйіз сапты жез-мойын пышақ, мүйізден жасалған насыбай шақша, ұлтан, тебен ине, біз, тарамыс, сонсоң соншалықты әдемі қаз мойын шот жүретін. Боқшасын күніне бір рет ақтарып, бар-жоғын түгендеп қою әдетіне айналған. Осы сүйекке сінді ғадет Құлашаның құйрық-жалсыз қалуының салдары сықылданатын. Бірақ жығылып жатып, аяғының басын қайқайтар мекерлік пен жалған паң мінез, табиғи қалпын сақтамай үнемі жасанды шығар еді. Ол жалғыздығын, пайғамбар жасынан асып төрінен көрі жуық қалған жылдарда өз тағдырының қайраңға айналған болымсыздау сәтін мойындап, ұнжырғасы түскен емес. Әлі есімде, сонау бір жылы сол Құлаша шал Тоқамен қатты кетісіп ұрысты. Сонда Тоқа шал өз мінін байқамай:

— Құлағын кескен шұнақсың, құйрығын кескен шолақсың, — деп, қу бас жалғыздығы мен кем-кетігін санай бастап еді, асасымен қара жерді сабалап, тұлан тұтып ашуланды; қолы дір-дір етеді, көзі қанталаған.

— Ей, Тоқа, мен жалғыздықты құдайдан сұрап алғам жоқ, көрпеңе қарай көсіл, тегінде. Көкек өз атын өзі шақырады деп, қатыныңмен төбелескенде қыршып алған шұнақ құлағыңды Гитлерден көресің. Ал мен құлағым жоқ шұнақ болсам — сұңқарлығым; құйрығым жоқ шолақ болсам — тұлпарлығым. О, несі-ей, ол қай басынғаны-ей... Түске дейін есі бар, түстен кейін есі жоқ, боқ мұрын, салпық ерін жаман ұлыңа мақтанамысың-ей... Төбенді көкке жеткізгенін көрермін...

Әншейінде сыңар езулеп бой бермейтін Тоқа шал қашып құтылған.

Алтай күзінің енді-енді басталып, сары ала, қызыл ала, жасыл ала бояу жағынып, жасанып тұрған маужыраңқы мезгілі еді. Огородтағы картопты қазып, подвалға төгіп алғанша, қас қарайған. Біз жақта пісіргенде үгіліп тұрар үлкен-үлкен, қойдың басындай картошка мол шығады. Оны күзде жиып алып, үй астынан қазып жасалған шұңқырға төгіп тастаса, қыстан бұзылмастан сақталатын. Ал жертөлениң қақпағы үйге кіре беріс табалдырыққа жақын. Ол шақта электр жарығы жоқ, тапқан үйдің керосин шамы бар, ал таппағаны май шаммен отыратын. Оның өзінде тамақ ішерде ғана болар-болмас жылтыратып, ыдыс-аяқ жиналған соң, тым-тырыс жатып қалуға мәжбүр болатынсың. Апақ-сапақ уақытта апам екеуіміз қара көлеңке үйде жаңа ғана асылған қара картошканың қабығын аршып қарбыта асап отыр едік, ашық тұрған есіктен әлдене қараң еткендей болды да “Ассалау...” деген дыбыс шығарды. Сосын жым-жырт құлаққа ұрған танадай тыныштық орнады. Мен көперіме алғаным жоқ, есіл-дертім картошка, мұрнымды қорс еткізіп тартып қойып, етпеттей жатып, қомпаң-қомпаң етемін. Апам елегізе құлағын түріп әрі-бері отырды да:

— Балам, шам жақшы, біреу “ас... салау...” дегендей болып еді, қайда жоғалып кетті, — деді.

— Жоқ, апа, “ассалау“... деген жоқ, “ас“... — деді.

— Тілің мен жағыңа сүйенбей шам жақ.

Атып тұрып май шамды тұтаттым.

— Жертөленің қақпағы ашық қалыпты ғой, жаба сал, — деді апам бұдан соң. Май шамды пеш иығына қойып, подвалдың қақпағын жабайын деп еңкейе бергенімде, зәрем зәр түбіне кетті.

— Ойбай, апа! — шоршып түсіп артына тығылдым. — Шұңқырда бірдеңе жатыр, ешкінің басы ғой деймін, сақалы бар.

— Өтірігіңе береке берсін, — деп, апам сене қоймады.

— Оллай-биллай, апа, мен сізді алдамаймын ғой. Текенің басы...

Апам қолын таяна орнынан тұрды да, май шамды алып подвалға жақындады. Мен де етегіне орала баспалай ердім. Жаңадан ғана төгілген картошканың үстінде сақалы шошайып, көзі бақырайған ешкібас шалдың серейіп жатқаны рас еді.

— Құдай-ау, мынау Құлаша ғой! — деді апам сасқалақтап. Бірақ қорқыныштың нышаны да білінбеді. — Өліп жатпасын пәле болғанда, қалай құлап қалып жүр.

— Өлгем жоқ, — деді сұлқ жатқан шал қимылдап. — Демеп жібер қолтығымнан. Ауырсынып қалған секілдімін.

Апам подвалға қарғып түсіп, Құлашаны сүйреlep шұңқырдан шығарды. Содан соң өзі подвалдың қақпағын мықтап жауып тастады. Еңкеңдеп барып төрге отыра берген Құлаша:

— ... мағалайкум, — деп бағана бастаған сәлемінің соңын айтты. Апам мырс етіп күліп

жіберді. Сөйтсем оқиға былай болыпты. Көз байлана біздің үйге келіп, әдетінше есіктен кіре сәлем бермек болып: “Ассалау...” деп созақтата аяғын табалдырықтан аттай бергенде, күмп етіп қақпағы жабылмаған подвалға түсіп-ақ кеткен. Бұдан соң біз елеп-ескергенше, бұлданып жатып алған. Қираған, бүлінген еш жері жоқ, қырсық шалдың алдында мінді болып қалыппыз. Тәрде апам әкеліп берген жастыққа бір шынтақтай ыңқылдап жатып алды. Ыңқылға ыңқыл қосылды, өйткені төргі бөлмеде әкемнің қарындасы Күләми ұшынып ауырып жатыр еді. Кеше фермадағы шешем беріп жіберген ешкінің бірер жілік етін апам ырықсыздау жуып қазанға салды. Құлаша көзінің астымен апамның қимылына ақырын қарап қойып ыңырана түсті. Майшамның жарығы қайбір мардымды. Өлеусірей жанып, апам әрі-бері өткен сайын, шалқып жалп-жалп етеді. Төргі бөлмеден әпкемнің үні шығады. Сол жаққа құлақ түріп елендеген Құлаша:

— Шұңқырға менен басқа тағы біреу құлап кетіп пе еді? — деп, монтанси сұрады апамнан.

— Жоқ-а, құдай! Күләми ғой ұшынып, екі күн болды ауырып жатыр.

— Үй-бай-ау, онда ұшықтап жібермейміз бе?

— Сіз жақсы келдіңіз, — деп кәутектеді апам. — Ораза-намазыңыз бұзылған Қыдыр адамсыз ғой, дем салып беріңіз.

— Күн таласып батып бара жатқанда, ұшық жақсы дарушы еді, түк етпес, тұрғызыңыздар баланы.

Апам кесеге су құйып, оған аздап сүт тамызып, пештен алып үш шымшым күл салды. Сонан соң Құлашаның қолына ұстатты. Безгегі келгендей тісі-тісіне тимей отырған әпкемнің аппақ жүзіне шамның нәзік сәулесі түсіп, боталаған мөлдір жанары шипа дәмектендей шалға жасаурап қарады. Ұртын толтыра ұрттаған суды әлгі әп-әдемі бетке бүркіп-бүркіп жібергенде, әпкем қатты тітіркене сескеніп қалды да, жүзін тайдырып әкетті. Құлаша шатты-бұтты бірдемесін айтып, зікір сала тағы ұшықтады. Бұдан соң ой-қастап әрі-бері жүрді де, апама айғай салды:

— Баланы жылы жауып төсегіне жатқыз!

Қазандықтағы еттің бүлкілдеп қайнағанын естігіміз келгендей, сәл үнсіздік билеген. Құлаша сақалын саумалап отырды да, орнынан лып етіп тұрып, басын тас бүркеніп, бүк түсіп жатқан әпкемнің бетін ашты.

— Қалай, тәуірсің бе, қалқам?

Ұшықтағалы бес минут өтпей жатып, көңілін сұрағанға әпкем шындап ашуланды білем: “Тәуір емеспін!” деп, көрпесін қайта қымтанып алды.

— Сырқаттың беті бері қарапты, үні қатты шықты, — деді ол саспай.

Апам дастарқан жайып, ет түсірді. Буы бүркырап, ағаш табаққа салынған ешкінің еті алдына келген соң, қынынан пышағын алып:

— Мә, шайып әкелші, балам, — деп маған берді. Жүзін бас бармағыммен байқап керіп едім, ұстарадан лыпып тұрған өткір екен. Құлаша қолын жайып бата берді.

Аумин десең, міне, бата,
Дарысын Қыдыр ата.
Қыдырың қиялап,
Періштең ұялап.
Дерт иесі Лұқпан,
Денге саулық,
Басқа байлық беріп,
Құдайың жарылқасын,
Уызың арылмасын, аумин!

Бәріміз “аумин!” — деп, жарыса бет сипадық. Апам әпкеме сорпа апарып беріп, кершеулеп ет турап отырған Құлашаның (біз жақта етті қонақ кеседі) табаққа тастағаннан аузына “бісміллә” деп салғаны көбейіп бара жатқан соң, маған қабырға ұстата берді. Ағаш табақтың түбінде желінбей қалған ең соңғы етті шеңгелдеп алған шал апама қарап: “Құдайдың құдіреті, осы сіздің үйге келсем, тәбетім ашылып, сарайым сайрап шыға келеді. Байқайсыз ба, осыменен екі жапырақ ет жеп жібердім”, — деп, қолындағы тұздығы сорғалаған етті қарбыта асай салды. Апам жымыды да қойды. Төргі бөлмеде ауырып жатқан әпкемнің де күлгені естілді.

— Баяғыда, — деді Құлаша сүзбе қосқан ақ сорпаны сораптай ұрттап. — Қаңғып жүріп Жұлдыз ауылындағы бір қараша үйге тап болдым. Ұп-ұзын сидиған арық қара қатыны, қатынының омырауынан ғана келетін шоқша сақалды мәстек шалы бар екен. Ол кезде, немене, соғыс жаңа аяқталған, елдің ерні енді-енді қимыл-

дай бастаған шақ. Дастарқанда он шақты бауырсақ, екі-үш шақпақ қант шашылып жатқан... Кеседегі ыстық шайды аузыма енді апара бергенімде, есік сықырлап ашылды да, босағадан үй иесінен де аласа қысық көз шал кірді. — Ассалаумағалейкүм! — Мұрнынан сөйлейді екен, өзі пұшық.

— Е, үйде қонақтар бар екен ғой, — деп, менің оң жағыма малдас қурып отыра қалды да, он шақты бауырсақтың бес-алтауын іліп алды. Қантқа да қайрат көрсетті. Суыңқырап қалған шайды және ұрттай бергенімде, есік тағы сыңси ашылды.

— Ассалаумағалейкүм! — деп күркіреген үн естілді де, үйге үш бүктетіліп сырықтай сіріңке қара жігіт кірді.

— Е, үйде қонақтар бар екен ғой, — деп, менің сол жағыма жамбастай жантайып еді, ащы ішектей шуатылған аяғы табалдырықтағы легенге тиіп жатты. Оның да алайған бадырақ көзі дастарқанда. Айырылып қалмай тұрғанда қамтып қалмақ ниетпен қолымды соза беріп едім, менің қолымды анау бес-алты бауырсақ пен қалған қантты алып қара құс қанатымен жапты-ай... Шошына қарасам, әлгі дәудің алақаны екен, өз қолымды астынан зорға суырып алғаным. Дастарқан әпсәтте таз-тақыр қалды. — Кішкене дәм бар еді, қолдарыңызды жуыңыздар, — деді арық әйел. Пұшық шал қойнынан қандауырдай ғана бәкісін, ал әлгі дәу қара етігінің қонышынан орақтай бәкісін жалт еткізіп шапшаң суырып, құлаштай ашып, жағаласа жуып, ағаш табақтың шетіне

сүйеп қойды. Содан соң екеуі де бажырайып маған қарап қолдарын жайды. Мен ойда-жоқта олжама ортақ болған қонақтарға ықылассыздау бата жасадым. Батаның аяғын тоспай, тағы да екеуі тайталаса ет турауға кірісті. Табаққа түскенінен ауызға ыршытқандары көбейіп бара жатқан соң, бір асасам да — май асайын деген жымысқы оймен ортасындағы ағарандаған майды іліп алып ауызға тастап жіберіп, бүркітше қылғытып жұтып жібергенім сол-ақ екен, аздап қиыс тұрған ағаш табақтың астынан жып-жылы сорпа ағып қоя бергені. Тұздықтың аға жөнелгенін көргенде, арық қара қатынның көзі атыздай боп желкесіне шығып-ақ кеткені.

— Ойбу, бетім-ай, енді қайтейін-ай, ағаш табақтың түбі тесіліп қалған соң, мақта тығып қойып едім, қайсысың асап қойдың? — деп, біздің бетімізге жалтақ-жалтақ қарағаны. Май деп жегенім мақта екенін сонда ғана білдім...

Құлаша өзі мәз болып күлді-ай. Апам жай жымыды да қойды. “Былтыр да айтып едіңіз” деген сыңай бар өңінде.

Сол Құлаша шал өткен жазда аудан орталығынан ауыл-ауылға тарар қара жолмен асасы мен дорбасын арқалап келе жатып, әлдекімнен түсіп қалған бір қапшық ақша тауып алыпты-мыс, деседі. Жан-жағына қараса, ешкім көрінбейді. Шарифаттың заңы бойынша, олжа тауып алған адам үш рет айқайлауы тиіс. Егер иесі шықпаса, иемденуге құқы бар. Құлекең сол ақшалы сөмкені қолына ұстап тұрып:



– Құдай-о-у, – деп, бар даусымен азандап айғай салып, ал: “ақша тауып алдым” дегенін ақырын сыбырлап қана айтқан екен деседі.

“Құдай-оу, ақша тауып алдым – мұндай-оу”, – деген Күлекеңнің үнін, міне, жиырма жылдай естіген жоқпыз. Енді ол ешкімнің есігін тоқылдатып, мазасын алмайды, ауырып жатқандарды ұшықтамайды. Енді ол бір ауылдың хабарын бір ауылға жеткізіп, ел-жұрттың амандығын тасып ортамызда әсте де жүрмейді. Енді біз дорбасын арқалап, асасын сермей адымдап қара жолда қараң қағып әлдеқайда... алысқа қаңғып бара жатқан жетім шалды мың жылда да көрмейміз.

Соңғы рет біздің үйге келгенде, дорбасындағы шотын әкеме беріп кетіп еді. Содан қайтып оралған жоқ. Біреулер айтады: “Көп ақша тауып алған Құлаша Сталинград түбінде қайтыс болған жалғыз ұлын іздеп кетіпті”, деседі. Енді біреулер: “Ой, ол шал Бұқтырмаға, ағып өлген” деседі. Ал апам айтады;

– Құлашаның шотына тиіспендер. Әйтеуір, бір күні іздеп келсе ұят қой.

Ал ауыл адамдары айтады:

– Құдайдың құдіреті, Құлашаны да сағынатын күн болады екен-ау.

Құлашаның шоты адалбақанда әлі ілулі тұр...

МАЗМҰНЫ

КӨК ТАЙЫНША

3

БЕС ТИЫН

14

АПАМНЫҢ АСТАУЫ

24

ТОРТАЙ МІНЕР АҚ БОЗ АТ

41

ТОҚАДАН ҚАЛҒАН ТҰЯҚ

51

КҮЛПӘШТИҢ ҰРШЫҒЫ

59

ҚҰЛАШАНЫҢ ШОТЫ ЕДІ

69

Оралхан БӨКЕЙ

ТОҚАМЫН ҚАЛҒАН ТҮЯҚ

әңгімелер

Бас редактор
М. Бекмағамбетов
Редакторлар
Ж. Жұмбергенов
А. Сыздықова

ИБ N08

Дайын диапозивтен басуға 10.04.03. қол қойылды.
Пішімі 70x90 1/32. Қаріп түрі “Times Kaz” Офсет-
тік басылыс.

Шартты баспа табағы 5,0. Есепті баспа табағы 2.5.
Таралымы 2000. Тапсырыс N680. Бағасы келісім
бойынша.

“Таным” баспасы, 473000, Астана қаласы, Победа
д-лы 63/1.

ЖШС “Жедел басу баспаханасы”. 480016, Алматы
қаласы, Д.Қонаев көшесі, 15/1.

